



Т

Ұлт болашағы өз қолымызда!

12+

Талдықорған

Газет 1992 жылдың
2-наурызынан шыға бастады



www.taldykorgan-online.kz

e-mail: taldyk@bk.ru



@Taldykorganpress

№38 (1880) Жұма, 26-қыркүйек 2025 жыл, Республикалық қоғамдық-саяси газеті

САЯСАТ

ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ БҰҰ БАС АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ 80-ШІ СЕССИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ

**Құрметті Президент!
Қадірлі Бас хатшы!
Құрметті делегаттар!**

Біріккен Ұлттар Ұйымы сексен жылдан бері адамзатқа төнген жаһандық сын-қатерлерді еңсеруде басты рөл атқарып келеді.

Осы жылдар аралығында Ұйым біздің ұжымдық қауіпсіздік, ядролық қаруды таратпау, бейбітшілікті сақтау, өсіп-өркендеу, кедейлікті азайту, орнықты даму және адам құқығын қорғау бағытындағы ортақ күш-жігерімізді ілгерілетуге бастамашы болды.

Алайда ақиқатқа тура қарауымыз керек: әлем түбегейлі өзгеріске ұшырады. Өкінішке қарай, жақсы жаққа қарай өзгерді деп айту қиын.

Дәл сол себепті жер жүзіндегі миллиондаған адам Біріккен Ұлттар Ұйымына үлкен үмітпен көз тігіп отыр.

Бүгінгі тарихи кездесу – әмбебап және баламасы жоқ Ұйымның іргелі қағидаттары мен мақсаттарына қаншалықты бейіл екенімізді дәлелдейтін орайлы мүмкіндік.

Әйтсе де біз көпжақты институттарға деген сенімнің дағдарысқа ұшырағанын айтпай кете алмаймыз.

Халықаралық құқықты өрескел бұзу «қалыпты жағдайға» айналды. Соның салдарынан әлемдегі тұрақтылыққа нұқсан келіп, халықтардың, саяси көшбасшылар мен мемлекеттердің бірібіріне сенімі әлсірей түсті.

Қазіргідей алмағайып кезеңде бәріміз БҰҰ позициясының нығаюына ықпал етіп, Ұйымның құбылмалы заманға бейімделуіне қолғабыс етуіміз қажет.

Өзара түсіністік пен ынтымақтастық рухы соғыс өртін тұтандырудан басым болуға тиіс. Мемлекеттер басшылары бейбітшілікке ұмтылу жолында жауапкершілік арқалайды.

Қазіргі буын көшбасшыларының әрекетсіздік танытуға еш құқығы жоқ. Өйткені оның зардабын келесі ұрпақ тартады.

Осы орайда Біріккен Ұлттар ұйымын жан-жақты реформалау толассыз талқыланатын тақырып емес, нағыз стратегиялық қажеттілік екеніне назар аударғым келеді.

Бізге БҰҰ-ны реформалау жөнінде нақты ұсыныс әзірлейтін жоғары кәсіби және оны еш ойланбастан алға жылжытатын пікірлестер тобын құру қажет. Ұйым бүгінгі сын-қатерлерге және ертеңгі міндеттерге сай болуы керек.

Біріккен Ұлттар Ұйымын жаңғыртуды көздейтін мұндай батыл әрекет Қауіпсіздік Кеңесін реформалаудан басталуға тиіс.

Қауіпсіздік Кеңесінің құрамына Азия, Африка және Латын Америкасындағы ірі елдердің өкілдері ротация тәртібімен ұсынылуы керек.

Сонымен қатар Қазақстан жауапкершілігі бар орта державалардың үні БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде барынша анық естілуі қажет деп санайды.

Іс жүзінде орта державалар қазірдің өзінде теңгерімді сақтауға және өзара сенімді нығайтуға үлес қосып, халықаралық қатынаста жағымды рөл атқара бастады.



Ұлы державалардың бастары бірікпегенде немесе барша адамзатты алаңдататын өзекті проблемаларды шешуге қауқарсыздық танытқанда, мұндай елдер БҰҰ аясында дәнекерге айналады.

XXI ғасырда БҰҰ беделін көтеру үшін Ұйымға мүше мемлекеттер бейбітшілік пен қауіпсіздіктің іргесін бекемдейтін нақты қадамдар жасауға тиіс.

Әйтпесе, БҰҰ үнемі мәселенің салдарымен күресуден көз ашпайды. Ал проблеманың түпкі себептері үсті-үстіне көбейе береді.

Біз бұл үдерісті дәл бүгіннен бастай аламыз. Ол үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына бейіл екенімізді тағы да растауымыз қажет.

Егемендік, аумақтық тұтастық және кез келген дауды бейбіт жолмен шешу қағидаттарының бәрі мүлтіксіз сақталуға тиіс. Ұйым Жарғысын қолайына қарай қолдану оның беделіне нұқсан келтіреді.

Әлем сенімге, ашықтыққа және ортақ жауапкершілікке арқа сүйейтін жаңа консенсусқа зәру.

Мысалы, Жарғыдағы Екінші дүниежүзілік соғыстан бері келе жатқан «жау мемлекет» ережесін халықаралық қоғамдастықтың басым бөлігі ескірген деп санайды.

Сондықтан Жарғыны қайта қарау мәселесін талқылайтын уақыт келді.

Бүгінде біз алаңдатарлық ахуалға куә болып отырмыз: қарулануды

шектейтін шарттар сақталмайды, демек, стратегиялық тұрақтылықтың да іргесі сөгіле бастады.

2024 жылы дүние жүзінде әскерді жарақтандыруға кеткен шығын 2,7 триллион долларды құрады. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Ал жаһандағы зорлық-зомбылықтың шығыны 20 триллион долларға жуықтады.

Сондықтан әлемдегі қауіпсіздік архитектурасын қайта қалпына келтіру халықаралық қоғамдастық үшін ең басты басымдық болуға тиіс.

Біз ядролық қару қолдану қаупін күрт азайтуды, ядролық державалар арасындағы жоғары деңгейдегі диалогты қайта бастауды қолдаймыз, көпжақты әрекеттің жандануына күш салуымыз керек деп санаймыз.

Кең көлемде алып қарасақ, соғыс-құмарлық менталитетін түп-тамырымен жоятын күрделі жұмысқа кіріскен жөн. Бұл жүзеге асыруға болатын шаруа. Бастысы, мемлекеттердің бейбітшілік жолында қанша қаржы жұмсап отырғанын мұқият бақыласақ болғаны.

Қазақстан ядролық қарусыздану және жаппай қырып-жою қаруын таратпау жөніндегі жаңа диалогқа дайын. Біз Ядролық қаруды таратпау туралы шартты күшейтіп, Ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы шарттың орындалуына түрткі болу үшін бейресми пікір алмасуларға мән бере аламыз.

Сонымен қатар біз бұған дейін айт-

қан Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық агенттік құру туралы ұсынымымызды жүзеге асыруға шақырамыз.

Қазақстан бейбіт тұрғындарға орасан зор залал келтіріп, жаһандық сенімге селкеу түсірген және халықаралық қауіпсіздікті әлсіреткен Украина айналасындағы дағдарысқа алаңдаулы.

Дегенмен аталған қақтығысты тоқтату үшін екіжақты және халықаралық деңгейдегі дипломатиялық күш-жігерді жалғастырып, қос мемлекет ұзақ мерзімді мүдделеріне сай келетін саяси икемділік көрсетуі керек.

Территориялық дау-дамайды шешу ешқашан оңай болған емес. Ол келешек ұрпақтың қамы үшін екі жақтың да барынша ұстамдылық пен жауапкершілік танытуын талап етеді.

Өшпенділік психологиясы қақтығысқа қатысушы тараптардың бітімге келуіне мүмкіндік қалдырмай, қай-қайсысын да құрдымға жібереді.

Газадағы гуманитарлық дағдарыстың ауқымы тіпті қорқынышты. Оған бей-жай қарау мүмкін емес.

Бұл қақтығыстың тарихи тамыры тым күрделі. Біз осы жауласудың түпкі себебін ескерусіз қалдыра алмаймыз.

Қазақстан әскери іс-қимылды дереу тоқтатуға, бейбіт тұрғындарды толық қорғауға және халықаралық гуманитарлық құқық аясындағы көмектің кедергісіз жетуін қамтамасыз етуге шақырады.

Біз екі мемлекеттің бейбіт қатар өмір сүруіне негізделген шешімді құптаймыз әрі БҰҰ-ның жетекші рөлін мойындаймыз.

Қазақстан Таяу Шығыстағы өңірлік бітімгерлікке бағытталған Арабтың бейбіт бастамасы, Нью-Йорк декларациясы, Ибраһим келісімі секілді дипломатиялық ұсынымдарды қолдайды.

Егер көшбасшылық пен саяси ерік-жігер болса, бұл құжаттар араздықты ынтымақтастық пен ортақ игілікке айналдыруға болатынын көрсетеді.

Сондай-ақ біз АҚШ Президентінің араағайындығымен Әзербайжан мен Армения қарым-қатынасының қалыпқа түскенін ерекше ықыласпен қабыл алдық.

Бұл дипломатия мен парасатты шешімнің арқасында ұзақ жылға жалғасқан кез келген қақтығысты реттеуге болатынын дәлелдеді.

Қазақстан осы қағидатқа сүйеніп, дауды ушықтырғаннан гөрі дипломатияға жүгінуді, күш қолданғаннан гөрі диалог жүргізуді жөн деп санайды.

Қазіргі геосаяси шиеленіске қарап, кейбір саясаткерлер «өркениеттер қақтығысынан қашып құтыла алмаймыз» деген пікір айтып жүр.

Алайда мұндай алауыздық тағдырдың жазуы емес, олардың саяси таңдауы.

Ғылым, медицина, спорт, дін және мәдениет сияқты жаһандық игіліктер геосаяси бөліністің құралына айналмауға және санкция салуға себеп болмауға тиіс. Адамзат өміріндегі бұл ізгі құндылықтар бізді гуманизм идеясына біріктіреді.

Жалғасы 2-бетте. ►

ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ БҰҰ БАС АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ 80-ШІ СЕССИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ



Басы 1-бетте.

Саясаткерлер жауапкершіліктен жұрдай мәлімдеме жасағанда немесе дін мен болмысты саяси ұпайын түгендеу үшін бұра тартып, ағат әрекетке барғанда сенімге селкеу түсіп, бейбітшілікке ұмтылған ерік-жігер жасиды.

Анығында, саяси көшбасшылық – бір-біріне күмән-күдікпен қарап, менмендік таныту емес, өзара түсіністік пен құрметтен тұрады.

Әлемге тірек болып тұрған толеранттылық пен парасаттылық заң үстемдігіне арқа сүйеуі қажет.

Құрметті әріптестер!

Біз жікке бөлінушілік барған сайын күшейіп, инвестиция ағынына қатысты саяси сыңаржақ ұстаным белең алғанына куә болып отырмыз.

Соның салдарынан былтыр әлемдегі тікелей шетел инвестициясының көлемі 1,5 триллион долларға дейін қысқарды. Қазақстан инвестиция саласындағы халықаралық ынтымақтастық аясын кеңейтуді табанды түрде жақтайды. Тәуелсіздіктің 30 жылында ел экономикасына 400 миллиард доллардан астам қаржы тартылды.

Біз әрқашан ашық нарық қағидаттарына сүйенеміз әрі бұл мемлекеттік саясатымыздың негізгі бағыты болып қала береді.

Еуразия төсінде орналасқан Қазақстан Азия мен Еуропа арасындағы құрлық арқылы тасымалданатын жүктің 80 пайызына қызмет көрсететін логистикалық хаб ретінде шешуші рөл атқарады.

Біз көлік-транзит инфрақұрылымына, соның ішінде «Бір белдеу, бір жол» бастамасына, Солтүстік – Оңтүстік көлік дәлізіне және Транскаспий көлік бағытына ондаған миллиард доллар инвестиция саламыз.

Қазақстан қалыптасып келе жатқан жаһандық көлік жүйесінің өзегі саналатын аймақтық жеткізу тізбегін дамытуды жалғастырады.

2029 жылға дейін 5 мың шақырым жаңа теміржол салуды жоспарлап отырмыз.

Еліміз Орнықты даму мақсаттарын ұлттық күн тәртібіндегі басымдықтардың бірі ретінде айқындады. Ондағы міндеттер мемлекеттік жоспарлауда және бюджет жобасын әзірлегенде ескеріледі.

БҰҰ Бас хатшысы мен Ұйымға мүше мемлекеттердің қолдауының арқасында Алматыда БҰҰ-ның Орталық Азия мен Ауғанстан үшін Орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығы ашылды.

Бүгінде Орталық Азияның бірлігі мен өзара сенімі жаңаша сипат алып, өңір

халықаралық бейбітшілік пен прогрестің белсенді қатысушысына айналды.

«Орталық Азия бестігі» ынтымақтастығын нығайтуда. Сол арқылы тату көршілік дамуға да, қауіпсіздікті күшейтуге де оң септігін тигізетінін дәлелдеп отыр.

Соның арқасында біздің өңір әлемдегі негізгі серіктестерімен «Орталық Азия плюс» форматында диалог жүргізе бастады.

Қазақстан Ауғанстанның инклюзивті дамуын аймақтағы ұзақ мерзімді бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудің кепілі деп санайды.

Біз ауған халқына гуманитарлық көмек көрсетіп, сауда, азық-түлік қауіпсіздігі, инфрақұрылым және көлік тасымалы салаларындағы ықпалдастығымызды жалғастыра береміз.

Құрметті делегаттар!

Былыр адамзат тарихындағы ең ыстық маусым болды. Бұл ретте Орталық Азияда ауа температурасы әлемдегі орташа көрсеткіштен екі есе жоғары екенін айтқан абзал.

Алатау мұздықтары тез ери бастады. Бұл миллиондаған халықтың су және азық-түлік қауіпсіздігіне қатер төндірді.

Қазақстан Арал қасіретінен сабақ алды. Жоспарлы іс-әрекетіміздің арқасында, соның ішінде халықаралық деңгейдегі ынтымақтастық нәтижесінде теңіздің солтүстік бөлігін сақтап қалдық.

Халықаралық Аралды құтқару қорының төрағасы ретінде еліміз бұл маңызды бағыттағы белсенді жұмысты жалғастырады.

Дегенмен Каспий теңізі күннен күнге тартылып барады. Бұл бір өңірдің ғана проблемасы емес, жаһандық деңгейде дабыл қағатын мәселеге айналды.

Сондықтан аймақтағы серіктестерімізді және барша халықаралық қоғамдастықты Каспийдің су қорын сақтау үшін жедел шараларды бірлесе қабылдауға шақырамыз.

Былыр Қазақстан Франция, Сауд Арабиясы және Дүниежүзілік банкпен бірлесіп One Water summit-ін өткізді.

Болашақта су тапшылығын болдырмау мақсатында анағұрлым тығыз үйлестіру, инвестиция және орнықты шешім қажет.

Аталған мәселені күн тәртібіне шығару үшін еліміз Біріккен Ұлттар Ұйымымен және басқа халықаралық құрылымдармен серіктесе отырып, келесі жылы сәуір айында Астанада Өңірлік экологиялық саммит ұйымдастырады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы міндеттемелеріміз аясында елімізде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық ак-

циясы жүзеге асырылып жатыр. Бұл қозғалыс тазалыққа, қоқыс жинауға және экологиялық ағартушылыққа атсалысатын миллиондаған еріктіні ортақ іске жұмылдырады.

Қазақстанның бастамасымен БҰҰ 2026 жылды Орнықты даму мақсаттары жолындағы Халықаралық еріктілер жылы деп жариялады. Ұйымға мүше мемлекеттердің бәрін осы маңызды бастамаға қолдау білдіріп, ынтымақтастық орнатуға шақырамыз.

Осы орайда Бас Ассамблеяға 22 сәуірді Халықаралық жер шарын көгалдандыру күні деп жариялайтын қарар қабылдауды ұсынамын.

Қымбатты достар!

Қазақстан жасанды интеллектіні технологиялық жетістік деп қана емес, адамзат прогресіне қозғау салатын зор табыс ретінде қарастырады.

Алайда жасанды интеллектіні дамытудың тәуекелдері де бар. Атап айтқанда, ол технологиялық, экономикалық және геосаяси теңсіздіктердің күшеюіне әкеледі. Сондай-ақ этика нормалары бұл эволюцияның соңында қалып қоюына жол бермеуіміз керек.

Әділеттілік, жауапкершілік және адам құқықтарын қорғау мәселелері жедел әрі нақты шешілуге тиіс.

Бұл үшін әр ел ЖИ артықшылықтарын пайдалана алатындай ұжымдық күш-жігер қажет.

Қазақстан БҰҰ аясында Жасанды интеллектіні басқару бойынша жаһандық диалогтың басталуын қолдайды.

ЖИ саласындағы қауіпсіздік, инклюзивтілік және адамға бағдарлану міндетті түрде ескерілуі үшін аталған платформа жұмысына белсенді түрде атсалысуға дайынбыз.

Қазақстанда жасанды интеллект экономика мен мемлекеттік қызмет көрсетудің барлық секторына енгізіледі.

Қазірдің өзінде оны жүзеге асырудың базалық инфрақұрылымы жасақталып жатыр. Дарынды жас мамандарымыз мұны іске асыруға әзір.

Біздің стратегиялық мақсатымыз – үш жылдың ішінде Қазақстанды толық цифрланған елге айналдыру.

Жалпай цифрландыру және жасанды интеллектіні кеңінен қолдану еліміздің ұлттық басымдығына айналды.

Электрондық үкімет ұлттық даму стратегиямыздың негізгі элементі саналады.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің шамамен 90 пайызы цифрлық форматта ұсынылады.

Жуырда Қазақстанда ең қуатты ұлттық суперкомпьютер іске қосылды.

Дегенмен ЖИ мен автоматтандыру көптеген елде жұмыс орындарының қысқаруына әкелуі мүмкін.

Сондықтан цифрлық прогресс кәсіптік білім берумен қатар жүргізілуі қажет.

Қазақстан жұмыспен қамтуды арттырып қана қоймай, кәсіптік мамандықтардың мәртебесін көтеруді аса маңызды деп санайды.

Ханымдар мен мырзалар!

Жаһанда тұрақсыздық белең алған кезеңде Әділетті Қазақстан құруды көздеген жаңғыру саясатын батыл жүргізіп жатырмыз.

Соңғы үш жылда біздің аймақта бұрын-соңды болмаған саяси және экономикалық реформалар жасалды.

Жалпыұлттық референдум арқылы Президентті жеті жылға бір мерзімге сайлайтын норма енгізілді. Бұл демократия қағидаттарына сай есептілікті күшейтеді.

Біз «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласын ұстанамыз.

Қазақстанды жаңғырту ұстанымын басшылыққа ала отырып, елімізде бір палаталы Парламент құру мәселесін жалпыұлттық референдумға шығаруды ұсындым.

Мақсатымыз – саяси жүйенің қоғам сұранысына сай ашықтығы мен тиімділігін арттырып, оны ұдайы жетілдіру.

Бұл реформалардың басты қағидасы: Заң және тәртіп бәрінен жоғары тұруы керек.

Біз парасаттылыққа және заң үстемдігіне арқа сүйейтін басқару жүйесі ғана қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етіп, азаматтардың құқығын қорғауға мүмкіндік береді деп санаймыз.

Бұл халықаралық инвестицияларға, сауда байланысына және елдің қарқынды дамуына оңтайлы жағдай жасайды.

Заңды мүлтіксіз сақтайтын азаматтардың мүддесін қорғау – әділеттілікке, есеп беруге және өзара құрметке негізделген басты басымдықтарымыздың бірі.

Қазақстан экономикасы тұрақты дамып келеді.

Биыл экономикалық өсім 6 пайыздан асады деп күтілуде. Бұл біздің аймақтағы ең ірі экономиканың орнықтылығын қуаттай түседі.

Дегенмен бұл жетістіктерге тоқмелейлуге болмайды. Біз ұзақ мерзімді дамуға бағытталған күш-жігерді жалғастырамыз.

Қазақстанның энергетикалық стратегиясы төрт салаға негізделген: мұнай-газ, көмір, уран және аса маңызды минералдар. Бұл құнды ресурстар сенімді энергетикалық серіктестіктің негізі бола алады.

Климат өзгерісі мен «жасыл» күн тәртібін көмір кені секілді орасан зор энергетикалық ресурсқа бай елдер қабылдай бермейді. Өйткені бүгінде озық технологияның арқасында оны тазаланған күйінде пайдалануға болады.

Сондықтан біз 35 жыл ішінде елімізді декarbonизациялау жөнінде міндеттеме алдық. Тек жаңартылатын энергия көмегімен бүкіл энергетикалық мәселені шешу мүмкін емес.

Ауыл шаруашылығы – әлемдік нарықта зор әлеуетке ие жетекші саламыздың бірі.

Қазақстанның астық экспортындағы әлеуеті – 12 миллион тонна. Бұл халықаралық нарықтың басым бөлігін қамтиды және көлік байланыстарын жақсарту есебінен сауданы кеңейтудің жаңа мүмкіндіктеріне жол ашады.

Біз сыртқы саудамыздың инклюзивтілігі мен орнықтылығын қамтамасыз ете отырып, оны одан әрі әртараптандыру мақсатында барлық негізгі халықаралық серіктестерімізбен және аймақтағы мүдделі елдермен ынтымақтастықты жалғастырамыз.

Жоғары Мәртебелі!

Ел ішіндегі мемлекеттік басқару реформаларын тереңдету және шетелдегі жаһандық басқаруды қолдау – басты бағдарымыз. Біз бұл бағытты берік ұстанамыз.

Қазақстан арағайындық және бітімгер рөлін жалғастырады. Біздің таңдауымыз: үстемдік емес – тепе-теңдік, жіктелу емес – ынтымақтастық, соғыс емес – бейбітшілік.

Біз халықаралық қоғамдастықтың басқа да мүшелерімен бірлесе отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымының бейбітшілік, әділеттілік және ынтымақтастық шамшырағы екенін растауға дайынбыз.

Рақмет!

АМЕРИКАНЫҢ БИЗНЕС ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСУ



АҚШ, Нью-Йорк қаласы

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Нью-Йорктегі жұмыс сапары АҚШ-тың ірі бизнес өкілдерінің қатысуымен өткен «дөңгелек үстел» отырысында жалғасты.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен АҚШ-тың кеңейтілген стратегиялық серіктестігі қарқынды түрде дамып келе жатқанына назар аударды.

— Біз Американы маңызды серіктестеріміздің бірі санаймыз және сан қырлы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға мүдделі екенімізді растаймыз. Америка Құрама Штаттарының да осы стратегиялық ұстанымды қолдайтыны қуантады. Оған Президент Дональд Трамп пен 2024 жылы желтоқсан айында болған әңгімелесу барысында көз жеткіздік. Бүгін біз Президент Трамп пен тағы да мазмұнды әңгіме жүргіздік. Ол үшін ризашылығымызды білдіреміз. Қазақстан Президент Трамптың прагматикалық дипломатияны алға тартуын, Еуропа мен Таяу Шығыстан бастап Азия мен Африкаға дейінгі қақтығыстарды бейбіт жолмен реттеуге ықпал ету ісіндегі рөлін жоғары бағалайды. Оның конструктивті позициясы мен нақты нәтижеге қол жеткізуге айрықша мән беруі жаһандағы жіктелу ұшыққан кезеңде шиеленістің бәсеңдеуі, диалогтың артуына ықпал етуде. Мақсат-міндеті айқын мұндай батыл әрі табанды әрекет халықаралық деңгейде мойындауға лайық. Біздің ойымызша, бұл ұстанымдар ертең өтетін БҰҰ-ның Жалпы дебатында Ұйымға мүше мемлекеттердің назарына ұсынылуы керек. Құрама Штаттар Қазақстан экономикасына 100 миллиард доллардан астам қаржы құйған ірі инвестор саналады. Екі ел экономикалық ықпалдастықта зор жетістікке жетті. Біз мұны мақтан тұтамыз. Қазір елімізде 630-дан астам америкалық компания табысты жұмыс істеп жатыр. Олардың қатарында Chevron, ExxonMobil, Boeing, Visa, Mastercard, Meta, Wabtec, Citibank секілді танымал брендтер бар, — деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстанның өңірдегі экономикасы ең қуатты ел ретінде Орталық Азияға Америка бизнесінің инвестициясын тарту және олардың кәсіп аясын кеңейту ісінде жетекші рөл атқаруға дайын екенін жеткізді. Бұл бағыттағы күш-жігерге C5+ және B5+ форматтарындағы тұрақты ынтымақтастық тың серпін бере алады.

Президент дөңгелек үстел қатысушыларына елімізде жүзеге асырылып жатқан экономикалық және саяси реформалар туралы мәлімет берді.

— Қазақстан білім мен инновацияға арқа сүйеген экономика құруды мақсат етеді. Бұл ретте цифрлық трансформацияға бас мән беріледі. Еліміздің экономикасы өңірдің өркендеуінде негізгі рөл атқарады. Қазақстанның мұндай биікті бағындыруына Америка бизнесі айтарлықтай үлес қосты. Биылғы сегіз айдың қорытындысы бойынша еліміздің экономикалық өсімі 6,5 пайызды құрады. Біз дамудың жоғары қарқынын сақтай отырып, ауқымды саяси-экономикалық реформалар жүргізуге ниеттіміз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы жүзеге асырылып жатқан жұмыстың барлығы Қазақстанның

тікелей шетел инвестициясына тартымдылығын арттыруды көздейтінін айтты. Сонымен қатар Қазақстан мен АҚШ арасындағы экономикалық және инвестициялық ықпалдастықтың негізгі бағыттарына тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев бұрыннан екіжақты ынтымақтастықтың негізі саналатын энергетика секторын алғашқы басымдық ретінде атады.

— Chevron және ExxonMobil компанияларының соңғы 30 жылда елімізге қаржы әкелуі табысты инвестиция салғанын мойындаймыз және жоғары бағалаймыз. Аймақтағы геосаяси дүрбелеңдерге қарамастан, олардың еліміздегі қызметіне қатысты ешқашан күмән туған емес. Еліміздің экономикасын жаңғыртуда, озық технологиялар енгізуде, экономикалық әлеуетіміздің орнықтылығы мен қуатын арттыруда сіздердің Қазақстандағы қызметтеріңіздің жағымды әсері болды. Біз Теңіз, Қашаған және Қарашығанақ мұнай кен орындарындағы америкалық серіктестерімізбен конструктивті ынтымақтастықты одан әрі жалғастырамыз. Өзара серіктестігіміз алдағы уақытта да әділ әрі екі тарапқа тиімді нәтиже екелгенін қалаймыз. Қазақстан өзінің энергетикалық ресурстарын экспорттау бағытындағы әртараптануды көздейді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы аталған стратегиялық маңызды міндетті жүзеге асыру ісінде Американың энергетика компаниялары басты рөл атқаратынына назар аударды.

Сонымен қатар Президент геологиялық барлау әрі іске асырылып жатқан жобалардың аясын кеңейту, әсіресе, уран өндіру және оны өңдеу саласында жаңа мүмкіндіктерді зерделеу қажет екенін атап өтті. Қазақстан әлемдік уран нарығындағы сұраныстың шамамен 40 пайызын өтейді. Ал АҚШ осы материалдың орта есеппен 24 пайызға жуығын біздің елден импорттайды.

— АҚШ-тың энергетика саласындағы басымдықтарына сәйкес, біз көмірге негізделген таза, тиімді және экологиялық тұрғыдан қауіпсіз энергетикалық шешімдерді ұсынамыз. Қазақстанда қуаттың 70 пайыздан астамы көмірден алынады. Әлемдегі көмір қоры мол елдердің бірі ретінде біз де АҚШ сияқты мұны энергияның сенімді әрі қауіпсіз көзі ретінде қарастырамыз, тым болмағанда таяу келешекте одан бас тартпаймыз. Еліміздің энергетикалық стратегиясы төрт компонентке: мұнай, газ, көмір және уранға негізделген. Біз осы қағидатты берік ұстанады, — деді Мемлекет басшысы.

Президент маңызды шикізат материалдарын игеруді басым бағыт ретінде қарастыратынын жеткізді. Бұдан бөлек, Қазақстанда мыс, вольфрам, қорғасын, мырыш, литий, графит және жоғары технологияға аса қажетті басқа да пайдалы қазбалардың мол қоры бар екенін еске салды.

— Біз тау-кен саласында еңбек ететін инвесторлар үшін ашық әрі мазмұнды заңнамаға негізделген қолайлы юрисдикция қалыптастырдық. Отандық тау-кен секторына қазірдің өзінде Ivanhoe, Rio Tinto, Anglo Teck және Fortescue сияқты ірі компаниялар келді, — деді Мемлекет басшысы.

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев

көлік және логистика секторындағы кең мүмкіндіктерге тоқталды. Сондай-ақ Транскаспий халықаралық көлік бағдарын дамытудың келешегі зор екеніне назар аударды.

— Біз Wabtec компаниясының еліміздегі машина жасау және теміржол көлігі салаларын ілгерілетудегі негізгі рөлін жоғары бағалаймыз. Қазақстан аталған компаниямен серіктесе отырып, физикалық желілерді ғана емес, үлкен дерекқорға негізделген интеллектуалды, интеграцияланған көлік дәліздерін де құрып жатыр. Бүгін Wabtec компаниясымен 4 миллиард долларға жуық қаржының жаңа келісіміне қол қойылды. Бұл еліміздің АҚШ-пен көлік саласындағы ынтымақтастығын айтарлықтай нығайтады. Air Astana және SCAT сияқты алдыңғы қатарлы әуе компаниялары Boeing ұшақтарын пайдаланады. Азаматтық авиация паркіміздің негізі осы ұшақтардан құралған. Біз Boeing компаниясымен ынтымақтастықты кеңейтуге және таяу жылдары жаңа ұшақтар алуға ниеттіміз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, өзара тиімді ынтымақтастықтың тағы бір перспективті бағыты — агроөнеркәсіп кешені. Егістік жерлерінің көлемі жағынан әлемде алтыншы орын алатын және ең ірі астық экспорттаушылардың ондығына кіретін Қазақстанның аталған саладағы мүмкіндіктері америкалық әріптестерді қызықтыруға тиіс.

— Америкалық компанияларды Қазақстанның ауыл шаруашылығы әлеуетін барынша пайдалануға шақырамыз. Біз PepsiCo және Mars компанияларының заманауи, экспортқа бағдарланған зауыт салу жоспарын құптауымыз. Аталған бастамалар Қазақстанның экспорттық қуатын арттырып қана қоймай, өнімдеріміздің жаңа өңірлік нарықтарға шығуына мүмкіндік береді. ынтымақтастығымызды одан әрі нығайту үшін орнықты ауыл шаруашылығын дамытуды, су ресурстарын үнемдеп пайдалануды және аталған саланы цифрландыруды көздейтін ортақ Агроинновациялық бағдарлама жасауды ұсынамыз, — деді Мемлекет басшысы.

Президент мән берген келесі басымдық — цифрлық трансформация. Қасым-Жомарт Тоқаев алдағы үш жылда Қазақстанды толық цифрлық мемлекетке және цифрлық трансформация мен жасанды интеллект саласында Еуразияда көш бастайтын IT-хабқа айналдыру жоспарымен бөлісті.

NVIDIA, Amazon, Starlink және Microsoft сияқты жаһандық технологиялық алпауыттар цифрлық экосистемімізді қалыптастыруға белсенді атсалысып жатыр. Мемлекет басшысының айтуынша, бұл еліміздің IT саласындағы әлеуеті орасан зор екенін көрсетеді. Бұл ретте цифрлық активтер, Индустрия 4.0, жасанды интеллект және «ақылды қала» шешімдері өзара ықпалдастықтың перспективті бағыттары саналады.

Қаржы секторы туралы сөз қозғай отырып, Мемлекет басшысы дөңгелек үстел қатысушыларына «Астана» халықаралық қаржы орталығының мүмкіндіктерін таныстырды. Қазіргі уақытта онда 80-нен аса елден 4200-ден астам компания тіркелген. Оның 60-тан астамы — америкалық компаниялар.

Қасым-Жомарт Тоқаев адами капиталды дамытудың маңызына ерекше тоқталды.

— Қазақстан бірте-бірте өңірлік академиялық және ғылыми-зерттеу хабына айналып келеді. Бүгінде елімізде шетелдік жоғары оқу орындарының 33 филиалы ашылған. Олардың қатарында Аризона университеті, Колорадо тау-кен мектебі, Дьюк университеті, Пенсильвания штаты университеті, Миннесота университеті және Нью-Йорк кино академиясы секілді америкалық жетекші жоғары оқу орындары бар, — деді Президент.

Сондай-ақ бүгінде «Болашақ» бағдарламасының 800-ден астам стипендия иегері АҚШ-тың Гарвард, Массачусетс технологиялық институты, Стэнфорд, Чикаго университеті секілді маңдайалды оқу орындарында білім алып жатыр.

Бұл ретте Мемлекет жас буын көшбасшыларын қалыптастыру үшін америкалық университеттермен және зерттеу орталықтарымен бірлескен жобалардың аясын кеңейтуді ұсынды.

Президент өз сөзінде мәдениетке бизнес тарапынан қолдау көрсету мәселесін де қозғады.

— Қазақстанның мәдени мұра қорын құру туралы Смитсон институтының шешімін ерекше ықыласпен қабыл алдым. Аталған қор халқымыздың бай мұрасын сақтау, зерттеу және әлемде насихаттаумен айналысады. Осы маңызды бастаманы белсенді түрде қолдағаны үшін Chevron компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Майкл Уирт мырзаға ризашылығымды білдіремін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарымен стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайту еліміздің сыртқы саясатындағы ұзақ мерзімді басымдықтардың бірі екенін айтты.

— Қазақстан географиялық тұрғыдан сөзсіз аймақта орналасқан. Біз өзіміздің стратегиялық мақсатымыздан, соның ішінде АҚШ-пен тығыз ынтымақтастық жасау ниетімізден айнымаймыз. Өйткені АҚШ біздің тәуелсіздігімізді әлемдегі алғашқы елдердің бірі болып мойындады және ердайым Қазақстанның егемендігі мен аумақтық тұтастығын қолдап келеді. Халқымыз Американың бұл ұстанымын шынайы құрметтейді. Елімізде жүргізіліп жатқан ауқымды саяси-экономикалық реформалар, ашық және инвестицияға қолайлы саясат жүргізу ұстанымы америкалық компаниялардың Қазақстанда алаңсыз бизнес жүргізуіне кепілдік береді әрі олардың сенімді, ұзақ мерзімді серіктес болуына мүмкіндік жасайды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Отырыста АҚШ Сауда палатасының президенті Сюзанн Кларк, Chevron компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Майкл Уирт, АҚШ Сауда министрінің орынбасары Уильям Киммит, АҚШ Мемлекеттік хатшысының экономикалық есім, энергетика және қоршаған орта мәселелері жөніндегі орынбасарының міндетін атқарушы Томас Лерстен, NVIDIA компаниясының жасанды интеллект саласындағы жаһандық бастамалар бойынша вице-президенті Калиста Рэдмонд, Boston Consulting Group компаниясының директорлар кеңесінің жаһандық төрағасы Ричард Лессер, S&P Global компаниясының тәуелсіз рейтингтер және көпжақты қаржы институттары рейтингтері жөніндегі жаһандық бағытының басшысы, басқарушы директоры Роберто Сифон-Аревалло, ExxonMobil Upstream Company президенті Дэн Амман, LanzaJet компаниясының бас атқарушы директоры Джимми Самарсис, The Boeing компаниясының вице-президенті Лэндон Лумис, Ashmore Group компаниясының бас атқарушы директоры Марк Кумбс, Visa компаниясы төрағасының орынбасары әрі персонал және корпоративтік мәселелер жөніндегі бас директоры Келли Тулье, Ivanhoe Mines Ltd. негізін қалаушы әрі директорлар кеңесінің атқарушы төңтөрағасы Роберт Фридланд, Колорадо тау-кен ісі мектебінің президенті Пол Джонсон, GTM, OpenAI білім беру және мемлекеттік бағдарламалар бағыты бойынша жетекшісі Кевин Миллс, Mastercard компаниясының бас әкімшілік директоры Ричард Верма, Shell USA компаниясының президенті Колетт Херстиус, Honeywell Process Automation компаниясының президенті және атқарушы директоры Джеймс Массо, Amazon Kuiper компаниясының жаһандық тұтыну бағытының жетекшісі Лиза Скалпоне сөз сөйледі.



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ

ЕҢБЕК АДАМДАРЫНА ҚҰРМЕТ



«Еңбек күні» мерекесі қарсаңында Жетісу облысында түрлі мамандық иесіне құрмет көрсетілді. Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, ауыл шаруашылығы, ветеринария, өнеркәсіп салаларының қызметкерлері марапатталды. Олардың қатарында аймақтың экономикалық дамуына үлес қосқан 11 сала мамандары мен еңбек әулеттері, үздік ұжым қызметкерлері бар. Солтанатты шараға еңбек ардагерлері қатысты.

Салтанатты шарада облыс әкімінің орынбасары Марлен Көлбаев құттықтау сөз сөйлеп, өңірді дамыту бағытында зор үлес қосқан жұмысшы мамандық иелері атқарған жұмыстар мен алдағы жоспар жайлы кеңінен баяндады.

– Өңірде жұмысшы мамандықтардың мәртебесін көтеру және білікті кадр даярлау үшін барлық жағдай қарастырылған. Мәселен, облыс басшысының тікелей бастамасымен Талдықорған қаласында 2026 жылы ерекше жоба – халықаралық студенттарға негізделген «Zhetyu Skills» орталығын ашу жоспарлануда. Бұл бастама – облыс деңгейінде әртүрлі жұмысшы мамандықтарды даярлау және студенттерге заманауи құрал-жабдықтарды пайдалана отырып, кәсіби дағдыларын осы орталықта шыңдауға мүмкіндік беретін болады. Сондай-ақ, биыл 11 колледжде 14 жаңа мамандық ашу және трансформациялау жұмыстары атқарылды. «Өңірлік жаңа мамандықтар атласы» жасалып, жаңа, трансформацияланатын, жадилып бара жатқан және аса тапшы кәсіптер тізбесі анықталды. Мемлекет басшысы өз Жолдауында атап өткендей «Адал да қажырлы еңбектің арқасында жетістікке жеткен адамдар әрқашан құрметке бөленуі шарт». Сондықтан мереке қарсаңында адал еңбектің адал қызметкерлерін марапаттау – құрмет пен жоғары сенімнің белгісіне теңейміз, – деді М. Көлбаев.

Мерекелік шарада экономиканың 11 түрлі саласында еңбек етіп жүрген барлығы 20-ға жуық адамға құрмет көрсетілді. «Еңбек жолы» және «Парыз» байқауларының

облыстық кезеңдерінің жеңімпаздары ерекше еңбек жетістіктері үшін марапатталды.

Осылайша, «Еңбек жолы» байқауының «Үздік еңбек әулеті» номинация бойынша Қаратал ауданына қарасты Жаңаталап ауылының ұстаздар отбасы жеңімпаз атанды. Отағасы Мырзабай Ергосаевтың артында екі ұлы, бір қызы, бір келіні бар.

«Жұмыс істейтін жастардың үздік төлімгері» номинациясы бойынша 35 жылдық педагогикалық өтілі бар Ескелді ауданының Жетісу орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Раушан Зайтбекова марапатталды. Панфилов ауданындағы Көктал ауылының тұрғыны «Көктал-Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мал дәрігері Бауыржан Машанбаев үздік жас өндіріс маманы атанды.

«Парыз» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі байқауының облыстық кезеңінің жеңімпаздары да анықталды. Көксу қант зауыты «Еңбекті қорғау саласындағы үздік кәсіпорын», «Қайнар-АКБ» аккумулятор зауыты «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын», «Үздік ұжымдық шарт» аталымы бойынша «Темірбетон» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жеңімпаздар қатарын толықтырды.

Облыстағы құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, ауыл шаруашылығы, ветеринария, білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, мәдениет, спорт, ақпараттық технологиялар, құқық қорғау және азаматтық қорғаныс сияқты түрлі салаға үлес қосып жүрген қызметкерлер де марапатталды. Құрмет көрсетілген еңбеккерлерге Алғыс хаттар мен ақшалай сертификат табыс етілді.

– Мен құрылыста 35 жыл еңбек етіп келемін. Бұл саланы бала кезімнен жақсы көремін. Өз мамандығымды шын сүйемін. Бұл – тұрғындарға пайдасын тигізетін иәі жұмыс деп есептеймін. Мәселен, әріптестеріммен бірге тұрғын үй, балабақша, мектеп, медициналық мекеме салдырдық. Соның барлығы халықтың игілігіне берілді. Біздің компания жобалау және абаттандыру жұмыстарын да жүргізеді. Адал еңбегіміздің бағаланғанын қуантамыз. Бұл құрмет пен марапат жемісті жұмысты жалғастыру үшін құлшынысымызды арттырады, – деді «Астана-Құрылыс» ЖШС қызметкері.

«Көксу қант зауыты» АҚ директоры Алтынбек Абатов та ерекше ризашылығын білдірді.

– Қазір біздің қант зауытында жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Биыл егінді 1 қазанда қабылдауды жоспарлап отырмыз. 300 адамды жұмыспен қамту біз үшін үлкен жетістік. Ал зауыт іске қосылған соң жұмысшылар саны 500-ге жетеді. Бүгінгі марапат – бүкіл ұжымның бірлескен еңбегінің жемісі. Бақылаудың облыстық кезеңінде жеңімпаз атанған біз енді Жетісу облысының атынан республикалық деңгейде бақ сынаймыз. Бұл – біздің ұжым үшін зор қуаныш пен үлкен жауапкершілік. Бізге артылған сенімді ақтауға тырысамыз, – деді ол.

Салтанатты шара Д. Рақышев атындағы облыстық филармония өнерпаздарының дайындаған шағын мерекелік концертімен аяқталды.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: ОФЛАЙН-ХАКАТОН

Талдықорғандағы Жетісу аймақтық «Jetisu Digital» IT-хоб базасында өткен ірі республикалық Decentrathon 4.0 офлайн-хакатонына IT-мамандар, студенттер және заманауи технологияға қызығушылық танытатын жандардың барлығы қатысты. Барлығы 150-ден астам адам.

Хакатонды ҚР Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өндірісі министрлігінің қолдауымен және облыстық цифрлық технологиялар басқармасының ықпал етуімен «Astana Hub» және «Blockchain & AI Technology Center» (BAITC) ұйымдастырыпты. Мұндай ауқымды шара Талдықорғандағы қосқанда 20 өңірде өткізілді.

– Бұл шара Мемлекет басшысының Жолдауын жүзеге асыру аясында өткізіліп отыр. Осыған орай жасанды интеллектке баса көңіл бөлінуде, яғни, қатысушы командалар көптеген бағыттар бойынша бақ сынасты, оның ішінде жасанды интеллектті қолдану арқылы түрлі жобаларды жүзеге асыруға болатынын шеберлікпен көрсетті. Біріншілікке қатысқан 150-ден астам адамның жасы әрқилы. Мысалы, олардың ішіндегі ең жасы 12 жаста болса, ең ересегі білікті маман болып қалыптасқан жан. Осыған қарап хакатон әрбір талантты адамның қарым-қабілетін заманауи

IT-технология саласында көрсетуге мүмкіндік беретінін көрдік, – дейді басқарма басшысы Айдын Темірбаев.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бірнеше күнге созылған хакатон бірнеше кезеңге бөлінген. Қатысушылар тәжірибелік тапсырмаларды орындап, ең жылдам блокчейн-желілердің бірінің көмегімен жобалар құрастырды, жасанды интеллект саласындағы кейстерді жетілдіру жолында жобалауды, бағдарламалауды және дайын IT-шешімдер жасауды тәжірибелі менторлардың қолдауымен меңгерді.

– Өте қызықты тәжірибені бастан өткердік. Жарыс кезінде өзіңді мемлекетті өзгертетін, келешекті қалыптастыратын алып қозғалыстың бір бөлшегіндей сезінесің, осының бәрі өзіміздің Талдықорғанда өтті, – дейді жарысқа қатысқан Талдықорғандағы Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушысы Диана Хасимова.

Бұл хакатонның жеңімпаздары жақында Астанада өтетін «Digital Bridge – 2025» технологиялық форумында белгілі болады. Мұндай шара үздік командалардың жобаларын кеңінен таныстыруына, инвесторлардың назарын аудартуға және тиімді идеялардың жүзеге асуына мүмкіндік береді.

КҮЗГІ ЖИЫН-ТЕРІН НАУҚАНЫ

Жетісу облысында қант қызылшасынан басқа барлық ауыл шаруашылығы дақылдарын жинау жұмыстары жалғасуда. Бүгінгі күнге дейін 240,6 мың га немесе 87,1% дөңгі дақыл жиналды. Оның ішінде бодай мен арпаны жинау толық аяқталды. Жалпы астық жинауға 10,7 мың трактор мен 1 009 комбайн жұмылдырылған.

Облыстық ауылшаруашылық басқармасы мамандарының мәліметінше, қазір 3,9 мың гектар жүгері алқабы шабылып, 28 мың тонна дән жиналған. Биылғы жылы облыс бойынша жүгеріден 308 мың тонна өнім алу жоспарланыпты.

– Бүгінгі күнге дейін жалпы 439,7 мың тонна астық бастырылды. Оның ішінде бодай, арпа, сұлы, жүгері, күріш бар. Орташа түсім гектарына 18,3 центнерді құрап отыр. Жиналған астықтың 260 мың тоннадан астамы мал азығына өткізілсе, 179,4 мың тоннасы қоймаға орналастырылды, – деп атап өтті басқарма өкілдері.

Майлы дақылдарға келер болсақ, 12,6 мың гектар алқап немесе 11,8% өнім жиналып, гектарынан 17,7 мың

тонна өнім алынды.

6,3 мың гектарға себілген картоптың 4,9 мың гектары немесе 78,2%-ы жиналып, 104,5 мың тонна өнім алынды. Әр гектардың өнімділігі 213,9 центнерден айналды. Сондай-ақ, көкөніс алқабының 5,6 мың гектары немесе 82,1%-ы жиналып, 169,7 мың тонна өнім алынды. Орташа өнімділік гектарына 301,6 центнер. Бақша дақылдары толығымен жиналып, 48 мың тоннадан астам өнім алынды.

Ал қант қызылшасын жинау жұмыстары кеше басталды. Қант қызылшасының өнімін облыстағы 2 қант зауыты 1 қазаннан қабылдай бастайды.

Айта кетейік, биыл Жетісу облысында күзгі дала жұмыстарына 7 мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлінді. Минералды тыңайтқыштарды қолдану көлемін 58,8 мың тоннаға жеткізу жоспарлануда. Бүгінгі таңда 1904 шаруа қожалығы тарапынан 50,7 мың тонна немесе 86,3%-ы сатып алынып, пайдаланылды. Жалпы, биыл өңірде көктемгі егіс және жинау жұмыстарын жүргізуге Аграрлық несие корпорациясынан 14,3 млрд теңге бөлінді. Қазіргі уақытта 323 өтінім бойынша 7,4 млрд теңге несие берілді. Өтінім қабылдау жұмыстары жалғасуда.

ЖОЛДАУ-ІС ЖҮЗІНДЕ



ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

Жетісуда «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында аумақтарды абаттандыру жұмыстары жүріп жатыр. Соның ішінде 2 орталық алаң жаңартылды, ескерткіштерді қалпына келтіру – 97 %балалар ойын және спорт алаңдарын ағымдағы жөндеу – 95%, саябақтарды абаттандыру – 84%, көп қабатты тұрғын үйлердің шатырын жөндеу – 76%, аллеяларды абаттандыру 66% аяқталды. Бұл туралы облыс әкімінің бірінші орынбасары Әлібек Жақанбаевтың төрағалығымен өткен «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасының орындау барысы туралы облыс әкімдігінің отырысында белгілі болды.

Жиында негізгі баяндаманы жасаған облыс әкімінің орынбасары Марлен Көлбаев өңірдегі абаттандыру жұмыстарының аяқ алысына тоқталды. Оның айтуынша, биылғы жылдың соңына дейін 21 саябақ, 6 аллея, 2 сквер, 2 орталық алаң, 49 аула, 81 балалар мен спорт алаңы абаттандырылады, соның 64 нысанында құрылыс жұмыстары аяқталды. Сондай-ақ көпқабатты тұрғын үйлердің 59 шатыры мен 13 қасбеті жөнделді. Оған қоса 70 ескерткіш қалпына келтіріліп, 7,9 шақырымы арық желілері жабдықталды, сондай-ақ 152 шақырым көше жолдарына жарық шамдары орнатылды. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда.

– «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында облыс бойынша 151 мыңнан астам адам қатысқан экологиялық акциялар ұйымдастырылды. Соның нәтижесінде бүгінгі күнге дейін 11 486 тонна қоқыс шығарылды. Жалпы биылғы жылдың жоспары бойынша 120 мыңнан астам түп ағаш отырғызу кезделсе, соның 56 мыңнан астамы көктемде отырғызылды, қалған 65 мыңы күз мезгілінде егіледі, – деген М. Көлбаев өңірде көшет отырғызу орындарын таңдау, ағаш түрлерін іріктеу мен агротехникалық талаптарды сақтау, күтіп-баптау мен суару бойынша жүйелі жұмыс қалыптастыру және нақты климаттық жағдайларды ескеру керектігін айтты.

Сол сияқты жергілікті бақылау және «Ғарыш Сапары» спутниктік порталы арқылы жүргізілген бақылаулар нәтижесінде жалпы 618 рұқсатсыз төгілген қоқыс үйіндісі тіркелді. Қазіргі таңда олардың 577-і немесе шамамен 93%-ы толығымен жойылып, қалған 41-інде жою жұмыстары жалғасуда.

Бір атап өтерлігі, осы жылы облыста «Үлгілі елді мекен», «Таза аудан орталығы», «Таза ауыл», «Таза аула» байқаулары ұйымдастырылуда. Сондай-ақ өңірден Панфилов ауданының Талды ауылы «Үлгілі ауыл» республикалық байқауына, ал Сарқан ауданындағы «Қойтас» саябағы скверлер арасында өтетін байқауға ұсынылды.

Жиын соңында облыс әкімінің бірінші орынбасары Әлібек Жақанбаев «Таза Қазақстан» бағдарламасының аймақтардағы іске асырылу барысы, кемшіліктерді жою мен өзекті мәселелердің шешімі жайлы аудан, қала әкімдерінің хабарламаларын тыңдап, жиынға қатысушыларға нақты тапсырмалар берді.

Ол өз сөзінде халық арасында экологиялық мәдениетті қалыптастырудың, ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізудің маңызы зор екенін атап өтті. Облыстық полиция департаментіне тазалық бойынша рейдтер жүргізіп, анықталған кемшіліктер бойынша заң аясында шаралар қабылдау қажеттігін баса айтты. Сонымен қатар құрылыс, жөндеу жұмыстары жүріп жатқан нысандардың аумағын ретке келтіру, жолдарды және елді мекендердің көшелерін күтіп ұстау, аялдамалар, жол белгілері мен жаяу жүргіншілер өткелдерін жаңарту, орман және саябақ қорларын күтіп-баптау, қалалар аумағында жасыл желектерді цифрландыру бойынша жұмыстар жүргізуді тапсырды.

«WORLD CLEAN UP DAY» АҚЦИЯСЫ

Жетісу облысында «World Clean Up Day» жаһандық экологиялық акциясы аясында жалпыоблыстық сенбілік өтті. Оған өңірдің 13 мың тұрғыны, мемлекеттік органдар мен мекемелердің қызметкерлері, бизнес өкілдері, еріктілер және басқа да ниет білдірген жұртшылық қатысты.

Облыстық энергетика және ТҮКШ басқармасының мәліметінше, жалпыоблыстық сенбілікке 193 техника тартылып, 435 гектар аумақ тазартылды, 710 тонна тұрмыстық қалдық арнайы полигондарға шығарылды.

Бұл шара өңірде жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясындағы экологиялық бастамалардың жалғасы болды.

Жалпыоблыстық сенбілікке облыс әкімінің бірінші орынбасары Әлібек Жақанбаев және қала тұрғындары белсене қатысты. Осы күні саябақтар, скверлер мен көшелер тазаланды.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының «Ана мен бала» бөлімінің бас маманы Анар Қызылбаева мұндай шараларды жиі өткізу қажет деп есептейді:

– Біз үшін бұл – жай ғана сенбілік емес, балаларға табиғатты қорғаудың кішкентай істерден басталатынын көрсету. Әркім өз айналасын таза ұстаса, тұрған жеріміз де таза, өз саулығымыз да жақсы болады, – дейді ол.

Сенбілікке төрт жасар ұлы Дәрменді ерте келген талдықорғандық Рауан Мұсабеков те осындай пікірде:

– Балаларға кішкентайынан еңбектенуді, қоршаған ортаға құрметпен қарауды үйрету керек. Бүгін ұлымын бірге қоқыс жинадық, балама бұл ойын өте қызық, сонымен бірге пайдалы үлгі болды деп ойлаймын. Табиғатқа, туған жерге деген құрметті балалар кішкентайынан көріп өскені дұрыс, – деді.

Сенбілікке қоғам қайраткері, қаламгер Құрметбек Сансызбайұлы да ұжымымен бірге қатысты:

– Экология мәселесі ұлттың болашағы үшін маңызды. Біз жастарды табиғатқа құрметпен қарауға, өзіміз өмір сүріп отырған жер үшін жауапкершілікті сезінуге тәрбиелеуіміз керек. Мұндай акциялар қоғамды біріктіріп, дұрыс көзқарас қалыптастырады, – дейді ол.

Акция ұйымдастырушылары мен қатысушыларының айтуынша, жалпы «Таза Қазақстан» ұлттық бағдарламасы аясында өткізіліп жатқан мұндай шаралар тек айналасы таза ұстауға ғана емес, сонымен қатар болашаққа деген жауапкершілікті сезіндіруге де ықпал етеді.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

1 ҚАЗАН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРТТАР КҮНІ

ҚАРИЯСЫ БАР ЕЛ –
ҚАЗЫНАЛЫ

Ардақты ардагерлеріміз, қымбатты ағаларымыз бен аналарымыз!

Сіздерді 1 қазан – Халықаралық қарттар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл күн – біз үшін қадірлі, қасиетті мерекелердің бірі. Өйткені ата-бабамыздан келе жатқан «Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» деген ұлағатты сөз халқымыздың қанына сіңген қасиетті дәстүр болып табылады.

Қария – елдің қазынасы, халықтың шежіресі. Сіздердің өмір жолдарыңыз – кейінгі ұрпаққа өнеге, тағылым мен тәлім мектебі. «Ата қайраты қолға қонар, бала ғибраты болар» деген сөздің мәні де осында. Құрметті ардагерлер, Сіздердің сабырлылықтарыңыз, қарапайымдылықтарыңыз, еңбексүйгіштік пен отансүйгіш қасиеттеріңіз біз үшін әрқашан үлгі. Сіздер өмір бойы еліміздің абыройын көтеріп, отбасы мен қоғамда адалдық пен ар-намысты ту еттіңіздер.

Бүгінде мемлекетіміз қарттарға жан-жақты қамқорлық көрсетуді басты назарда ұстайды. Егде жастағы азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсету – қоғамның адамгершілік парызы. Осы бағытта елімізде ардагерлер мен зейнеткерлерге материалдық тұрғыдан қолдау көрсетіліп, түрлі әлеуметтік бағдарламалар жүзеге асуда.

Бүгінгі таңда Талдықорған қаласында зейнеткерлердің жалпы саны – 28 606 адамды құрайды. Оның ішінде тыл ардагерлері – 543. Бұл азаматтар – ел тарихының куәгері, жас ұрпақ үшін асыл қазына.

Сондай-ақ, қаламызда жалғыздікті қарттар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арнаулы әлеуметтік қызмет түрлері көрсетілуде. Қазіргі таңда біздің бөлімшеде 267 қарт пен мүгедек жанға қызмет көрсетіліп отыр. Олар 8 бағыт бойынша әлеуметтік көмекпен қамтылған:



- ✦ әлеуметтік-тұрмыстық,
- ✦ әлеуметтік-медициналық,
- ✦ әлеуметтік-психологиялық,
- ✦ әлеуметтік-педагогикалық,
- ✦ әлеуметтік-экономикалық,
- ✦ әлеуметтік-құқықтық,
- ✦ әлеуметтік-мәдени,
- ✦ әлеуметтік-еңбек қызметтері.

Бұл қамқорлық мемлекетіміздің дана қарияларға деген шынайы ықыласының айқын көрінісі.

Қымбатты ардагерлер!

Алла сіздерге ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, отбасы амандығын нәсіп етсін! Әрдайым ел алдында абыройларыңыз асқақ болып, кейінгі жас ұрпақ сіздерден тәлім алып өссін.

«Қарты бар ел – қазыналы ел» демекші, сіздерге көрсетілер құрмет ешқашан тоқтамасын. Елдің бірлігін нығайтып, ұрпаққа үлгі бола берулеріңізге тілектеспіз.

Құрметпен,

Жарас Жаирбекұлы,

Жалғызбасты қарттар мен мүгедектігі бар

тұлғаларға үйде арнаулы әлеуметтік қызмет

көрсету бөлімшесінің меңгерушісі.

ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ



Ерлан НИЕТБАЕВ, «Талдықорған қаласы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ басшысы:

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауы еліміздің қарқынды әрі инновациялық дамуына жаңа серпін беретіні анық. Бұл – қарапайым саяси мәлімдеме емес, керісінше Қазақстанның келешегіне бағытталған нақты іс-қимыл жоспары. Мұндай ұстаным тұрақты даму мен халықтың әл-ауқатын арттыруға берік негіз қалайды. Бұл Жолдау әрбір қазақстандықтың өміріне оң өзгерістер әкеледі деп сенеміз. Сондықтан оны жүзеге асыру – әрқайсымыздың ортақ міндетіміз.

МҮМКІНДІКТЕР КЕЗЕҢІ

ДАМУДЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Руслан МАЛТАЕВ, Өтенай ауылдық округінің әкімі:

– Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа кезекті Жолдауын ұсынып, мемлекетіміздің болашағы мен өркендеуіне бағытталған басымдықтарды айқындады. Мемлекет басшысы тұрақтылықты сақтап, әлеуметтік салаларды нығайту керектігін атап өтіп, бәсекеге қабілеттілікті күшейту үшін жұмысты жаңа деңгейде ұйымдастыруға тапсырма берді. Бұл стратегиялық құжатта қоғам өмірінің барлық қыры қамтылып, әлеуметтік, экономикалық және саяси жаңғыру бағыттары белгіленген. Жолдауда көрсетілген әрбір бастама – еліміздің ұзақ мерзімді дамуы мен өркендеуіне жол ашатын маңызды қадам. Алдағы міндет – реформаларды жан-жақты ойластырып, сапалы жүзеге асыру.



ЖОЛДАУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ ТҮСІНДІРІЛДІ

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Жетісу облысы бойынша департаменті Панфилов ауданы және Алакөл ауданы бойынша шекара басқармалары шекара бөлімшелерінің жеке құрамымен, сарбаздармен кездесу ұйымдастырды.

Шараға қатысушылар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауындағы негізгі талаптар мен басым бағыттарды түсіндіріп, жастардың ел дамуына қосар үлесі мен жауапкершілігіне ерекше назар аударылды. Әскерилер Жолдауда айтылған бастамалардың ел дамуы мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі маңызына назар аударды. «Жаңа Жолдау, жаңа мүмкіндіктерге жетелейді. Еліміздің одан әрмен қарыштап дамуына ықпалын тигізер негізгі бағыттар халық өмірімен тікелей байланысты. Отанымыздың



өркендеу жолында аянбай еңбек етуге дайынбыз»-деп жиынды қорытындылады.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі

Жетісу облысы бойынша департаменті

«Ардагерлер ұйымы»
республикалық қоғамдық
бірлестігінің Орталық кеңесі
жариялаған «Қарттарымызды
қамқорлай жүрейік!»
ҮНДЕУІ

Құрметті талдықорғандықтар!

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Орталық кеңесінің қазан айын «Қарттарымызды қамқорлай жүрейік!» атты Үндеуін қолдап, орындау мақсатында қалалық мемлекеттік ұйымдар, кәсіпорындар басшыларын, бизнес құрылымдарын және барша талдықорғандықтарды осы айлыққа белсене қатысуға шақырамыз.

Тарихымызды ұлықтап, үлкенді сыйлау, қарияны құрметтеу дәстүрі – халқымыздың ата салты. Бар қажыр-қайратын еліміздің өркендеп дамуына арнап, маңдай терін төккен аға ұрпаққа құрмет көрсету тек мемлекет тарапынан ғана емес, өндірістер мен мекемелер тізгінін ұстаған азаматтардың басты парызы мен еңбек ұжымдарының негізгі қызметі.

Бүгінгі таңда Талдықорған қаласы бойынша 28 мыңнан астам жасына орай зейнетке шыққан адамдар тіркелген.

Мемлекет тарапынан түрлі жәрдемақы, төлемақы ала-тындар саны 80 мыңнан асады. Олардың ішінде 497 тыл еңбеккері бар. 1,2 және 3-топтағы мүгедектер саны 5265 адам.

Бұл азаматтарымыз әлеуметтік жағынан қолдау мен қамқорлыққа мұқтаж екендігі белгілі. Сондай-ақ, қаржылай қолдау шараларымен қатар түрлі санаттағы адамдарға арналған қолжетімді мәдени-көпшілік бұқаралық іс-шараларын да көптеп ұйымдастырған дұрыс.

Сондықтан да, қала әкімінің, қала әкімдігінің жан-жақты қолдауымен жүзеге асырылудағы игі шаралар қатарында аталған акция маңызды орын алатыны даусыз.

Қалалық мемлекеттік органдар, ұйымдар мен кәсіпорындар басшылары және кәсіпкерлеріміз өз салалары бойынша ардагерлер орталықтары мен филиалдары жетекшілерімен байланыс жасап, халқымызға тән адамгершілік пен қамқорлыққа зәру адамдарға көмек көрсетуді ұйымдастыру қажет. Әсіресе, жалғыздікті мұқтаж жандардан жүрек жылуын аямайық.

Осы Үндеуді қолдау арқылы жүрегі жомарт ізгі ниетті барлық жерлестерімізді қарттар мен мұқтаж адамдарды қамқорлыққа алуға, сөйтіп еліміздің еңсесі жоғары, халқымыздың бірлігі бекем бола беруіне нақты үлес қосуға шақырамыз.

Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесі

ҚОҒАМ ҮНІ
КЕҢЕСІП ПІШКЕН ТОН,
КЕЛТЕ БОЛМАС

Талдықорған қалалық Қоғамдық кеңесінің 8 отырысы өтті. Бұл жолы Кеңес мүшелерінің назарына 6 мәселе ұсынылды.

Ең алдымен «Қаланың жалпы білім беретін мектептерінің бастауыш сынып оқушылары үшін тегін тамақтануды ұйымдастыру және барысы туралы» қалалық білім бөлімінің басшысы Шынар Шарипбаева баяндама жасап, бұл мәселенің қала мектептерінде сапалы әрі тиімді жүргізіліп жатқанын атап өтті. Мемлекеттік әлеуметтік саясаттың маңызды бағыттарының бірі болып табылатын бастауыш сынып оқушыларын тегін тамақпен қамту ісі қаламыздың барлық мектептерінде жолға қойылған. Талдықорған қаласының 27 мектеп асханасын барлығы 19 жеке кәсіпкер жалға алып, қызмет көрсетуде. Жалпы білім беретін мектептерде асханаларды ұйымдастыру мемлекеттік-жекешелік әріптестік және мемлекеттік сатып алу механизмі арқылы жүзеге асырылып келеді. Айта кету керек, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары – бұл жеке кәсіпкер мен мемлекет арасындағы ұзақ мерзімді серіктестік, шарттар 5-10 жыл мерзімге жасалады. Бүгінгі таңда Талдықорған қаласы бойынша 7 мектепте асханалар дәл осы мемлекеттік-жекешелік әріптестік моделі негізінде жұмыс жасайды. Кеңес мүшелері қалалық білім бөлімі басшысына барлық мектептердегі асханаларды жалға алушылардың қызметін қадағалап, тамақтың сапасы мен қауіпсіздігіне аса көңіл бөлу керектігін айтып, бақылауға ата-аналарды, қоғамдық кеңес мүшелерін де тартуды сұрады. Сонымен қатар күн тәртібінде Халыққа қызмет көрсету орталығының мемлекеттік қызметтерін атқару, қаланың жылыту маусымына дайындық барысы, бұқаралық спортты дамыту, коммуналдық қалдықтарды басқару, солтүстік-батыс тұрғын ауданында №14 автобус бағыты бойынша жаяу жүргіншілер жолын салу мәселесі де қаралды. Заң аясында көрсетіліп жатқан аталмыш мемлекеттік қызметтердің күрмеуі шешілмей отырған кейбір тұстарына кеңес мүшелерінің көңілдері толмай, қарастыру кейінге қалдырылды. Сала басшыларына жауапкершілікті күшейтіп, халықтың талабына құлақ түру ұсынылды. Пайдаланылған жылу үшін төлемақы мөлшерін анықтау, велосипед салу, коммуналдық қалдықтарды өңдеу, жаяу жүргіншілер жолын талапқа сай салу ісі де тұрғындар талабы.

Гүлжанат НҰРШАНОВА



Құрметті талдықорғандықтар мен қала қонақтары!

Сіздерді баршаға ортақ мереке – сүйікті қаламыздың төл күнімен шын жүректен құттықтаймын! Тарихы тереңде жатқан Талдықорғанымыз бүгінде қарқынды дамып, күннен-күнге ажарлана түсуде. Қала күніне орай 30-дан аса мәдени-әлеуметтік іс-шара ұйымдастырылды. Концерттік бағдарламалар, спорттық жарыстар мен көрмелер, тазалық шаралары мерекені айшықтай түсті. Сонымен қатар, маңызды әлеуметтік әрі инфрақұрылымдық жобалар да жүзеге асты. Мәселен, «Құлагер» шағын ауданында жаңа саябақ пайдалануға берілді, апатты деп танылған үйлердің тұрғындары бірінші нарықтағы пәтерлерге ие болды, ал «Жастар-3» тұрғын үй алабына табиғи газ жеткізілді. «Арбат» жаяу жүргіншілер аймағы заманауи үлгіде абаттандырылып, қала тұрғындары мен қонақтарының сүйікті демалыс орнына айналды. Бұл жетістіктердің барлығы қала халқының бірлігі мен табанды еңбегінің жемісі. Әрқайсыңыздың қаланы өркендетуге қосып жатқан үлестеріңіз орасан. Жыл сайын дәстүрлі түрде аталып өтетін бұл мереке – әр тұрғынның сүйікті қаласына деген құрметі мен ыстық ықыласын арттыратын игі дәстүр. Қадірменді жерлестер, баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке тілеймін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Талдықорғанымыз көркейіп, жарқырай берсін!

Ернат БӘЗІЛ,
Талдықорған қаласының әкімі

XV ҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХЫ БАР АЛТЫН ШАҒАР

Жерұйық атанған Жетісу өлкесі-шежіреге, өнегеге, дәстүрге бай. Орталығы-Талдықорған қаласының төл тарихына үңісек, оның тереңде жатқанына көз жеткіземіз. Онда дәуір тарихымен қатар салт-дәстүріміз, ұлттық болмысымыз көрініс тапқан.

«Қазақстан энциклопедиясының» 9-шы томында келтірілген мағлұматтағы картада Ұлы Жібек жолы Екіөгіз қаласының маңында Шайқорған, кейінде Талдықорған атанған керуен бекеті көрсетілген. Сондықтан Жетісудың орталығы-Талдықорғанның тарихы V-VI ғасырлардан бастау алатындығына негіз бар. Қазақтың тұңғыш археологы, ғалым ежелгі ғұндардың қазақ тарихымен тұтастығын айғақтап кеткен Әлкей Марғұланның еңбегінде бұдан 2-3 мың жыл бұрын қазақ даласындағы, оның ішінде Жетісудағы қалалардың, дамыған өркениеттің болғандығы айтылады. Облысымызға танымал ардагер ақсақал Далбағаев Егеубек Даданбайұлы кезінде газетімізге берген сұқбатында «1869 жылға дейін де Гавриловка селосының орнында Талдықорған елді мекені болған дедік қой. Ал, қызық болғанда, Гаврилов деген орыс жер өлшейтін маман екен. Осы біздің Шайқорғанның маңайында тұрса керек. Оның қызметін қажет етіп іздегендер «Гаврилов қайда?» деп жүріп, ол тұратын ауылды Гаврилов атап кеткен», - дейді. Иә, тарихты қолдан жасай алмайсың. Таңба басқандай шындық – ұлтжанды азаматтардың ұрпаққа қалдырған еңбегінен көрініс тауып, тәуелсіздіктің айшықты бетінде аңдағайлап тұр. Тамырын тереңнен алған сулы да нулы өлкеміздің түрлі саяси өзгерістерді басынан өткізген отырып, бүгінге жеткен жетістігін ұрпаққа қалдыру сіз бен біздің еншімізде.

Қала күні құтты болсын, ағайын!

Гүлжанат МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

ТАЛДЫҚОРҒАН ТЫНЫСЫ ҚАЛА ӘКІМІНІҢ ҚАБЫЛДАУЫ

Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл 20 тұрғынды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Қабылдау барысында азаматтар әлеуметтік көмек көрсету, жол сапасы, тұрғын үй құжаттарын рәсімдеу, жеке кәсіп бастау үшін жер телімінің қажеттігі, көп қабатты тұрғын үйлердің шатыр жабындысы мен қасбетін жаңарту, үйді жөкешелендіру сияқты өзекті әлеуметтік мәселелерді көтерді.

Кездесу кезінде қала әкімі әрбір өтінішке мұқият назар аударып, тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар берді.

«Халықпен ашық диалог орнатып, әрбір тұрғынның мәселесіне назар аудару – біздің басты міндетіміз. Көтерілген сұрақтардың барлығы назарда ұсталып, кезең-кезеңімен шешімін табатын



болады», – деді қала әкімі.

Сонымен қатар, әкім барлық көтерілген мәселелер жеке бақылауға алынатынын және олардың оң шешілуіне жан-жақты қолдау көрсетілетінін атап өтті.

«БАСҚА ӨМІР» ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫНДА



Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл аутизм диагнозы бар балаларға көмек көрсететін «Басқа өмір» оңалту орталығына барып, орталықтың жұмысымен танысты.

Қала әкімі арнайы бөлмелерді аралап, ерекше балаларға арналған құрал-жабдықтарды көріп, орталық ұжымымен кездесті. Кездесу барысында ол атқарып жатқан еңбектері үшін алғыс айтып, сәттілік тіледі.

– Аутизмі бар балалармен жұмыс істеу – үлкен жауапкершілікті талап ететін маңызды іс. Сіздер күн сайын ерекше күтімді қажет ететін балаларға қолдау көрсетіп, олардың қоғам өміріне бейімделуіне зор үлес қосып келесіздер. Мұндай орталықтардың қалада жұмыс істеуі – ата-аналар мен балалар үшін үлкен көмек. Біз өз тарапымыздан қолдау көрсетуге әрдайым дайынбыз, – деді қала әкімі.

Айта кетейік, Талдықорған қаласында ерекше күтімді қажет ететін 985 бала бар, оның 159-ы аутизм диагнозы қойылған балалар. Бүгінде бұл санаттағы балаларға көмек көрсету мақсатында қалада 3 мемлекеттік және 9 жекеменшік оңалту орталығы жұмыс істейді.

ІСКЕР ӘЙЕЛДЕРГЕ ҚОЛДАУ БАР

Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл «Атамекен» кәсіпкерлер палатасында Іскер әйелдер қауымдастығының өкілдерімен кездесті.

Кездесу барысында кәсіпкер әйелдер шағын және орта бизнесті дамыту, ісін жаңадан бастаған кәсіпкерлерге кеңінен қолдау көрсету, сондай-ақ жергілікті өнімдерді сатуға мүмкіндік беретін жәрмеңкелерді тұрақты түрде ұйымдастыру туралы ұсыныстарын жеткізді.

Өз кезегінде қала әкімі Ернат Бәзіл мемлекет тарапынан кәсіпкерлерге жан-жақты қолдау көрсетілетінін, сондай-ақ жаңа бастамаларға әрдайым ашық екенін атап өтті.

«Өздеріңізге мәлім, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Кәсіпкерлер елімізді цифрлық дамытудың қозғаушы күші болуға тиіс», –



деген болатын. Осыған орай, қаламызда табанды еңбек етіп жүрген кәсіпкерлердің еңбегін жоғары бағалап, әрдайым қолдайтын боламыз», – деді қала әкімі Ернат Бәзіл.

Айта кетейік, Талдықорған қаласында шағын және орта бизнес саласында 36 мыңға жуық адам еңбек етеді.

БАҒДАРЛАМА АЯСЫНДАҒЫ СЕНБІЛІК



Облыс орталығы
Талдықорғанда Қала
күні мерекесіне орай
және «Таза Қазақстан»

бағдарламасы аясында кең ауқымды
жалпықалалық сенбілік ұйымдастырылды.

Іс-шараға қала әкімі Ернат Бәзіл, облыстық басқарма, қалалық бөлімдердің қызметкерлері, коммуналдық мекемелер мен түрлі ұйымдардың өкілдері қатысты.

Сенбілік барысында қатысушылар қаланың әртүрлі аумақтарында тазалық жұмыстарын жүргізіп, қоқыс жинады, ағаштар мен гүлзарлардың айналасын ретке келтірді. Қоғамдық орындар мен демалыс саябақтары, аулалар мен көшелер абаттандырылып, санитарлық тазалау жұмыстары жүргізілді.

Іс-шараның басты мақсаты – қала экологиясын жақсарту ғана емес, сонымен қатар тұрғындардың табиғатқа және қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттыру.

Жалпы сенбілікке 1500-ден астам адам қатысып, 12 арнайы техника жұмылдырылды. Нәтижесінде, 210 тоннадан астам қоқыс шығарылып, 2 шақырым

арық желісі тазартылды. Бұған дейін Талдықорғанда «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында «Таза бейсенбі» атты кең ауқымды экологиялық іс-шара ұйымдастырылған болатын.

Аталған акцияға білім, денсаулық сақтау, спорт, мәдениет және коммуналдық мекемелердің қызметкерлері белсенді түрде қатысып, өздеріне бекітілген аумақтарды тазартуға жұмылдырылды.


Жалпы алғанда, акцияға 500 адам атсалысып, нәтижесінде 60 тоннаға жуық қоқыс шығарылды.

Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Қуаныш СЕЙТІМБЕТОВ:

– Тазалық әрбір азаматтың күнделікті мәдениетінің бір бөлігіне айналуы тиіс. Қаламызды көркейтіп, таза ұстау бәріміздің ортақ міндетіміз. «Таза бейсенбі» секілді тұрақты шаралар тұрғындардың экологиялық санасын арттырып, қала келбетіне оң әсер етеді. Сондықтан әрбір азаматты белсенділік танытып, игі бастамаларға үлес қосуға шақырамыз, – деді.

Айта кетейік, «Таза бейсенбі» экологиялық іс-шарасы әр апта сайын тұрақты түрде өткізіліп тұратын болады.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі



ЖАСТАР – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕ

Талдықорған қаласы бойынша Әдеп жөніндегі уәкілі Берік Абылхан қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің бас маманы ретінде жаңадан тағайындалған Арайлым Нұридін және қаржы бөлімінің меншік секторының бас маманы Диана Жұмагелдіні қабылдады.

Қабылдау барысында «ҚР мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңдарының және «ҚР Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің» талаптары мен негізгі қағидаттары туралы айтылды.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі қоғам өмірінде ерекше рөл атқаратындықтан, әр мемлекеттік қызметші өз тарапынан саясатты ұстануға және оны дәйекті түрде іс жүзіне асыруға, қоғамның мемлекеттік қызметке, мемлекет пен оның институттарына деген сенімін сақтауға және нығайтуға, мемлекеттік тіл мен басқа тілдерге, Қазақстан халқының дәстүрлері мен ғұрыптарына құрметпен қарауға шақырды.



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ

АДАЛ ЕҢБЕКТІҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ



Қай салада болмасын жетістік пен даму – еңбек адамдарының қажырлы қызметінің нәтижесі. Әсіресе өндіріс пен техникалық салада жұмыс істейтін мамандардың орны ерекше. Бүгінде түрлі зауыт, құрылыс алаңдарында, коммуналдық және қызмет көрсету орындарында мыңдаған жұмысшы мамандар қоғам игілігі үшін аянбай еңбек етіп келеді.

Слесарь мамандығын таңдаған Қуаныш Жекмұрзанов – осындай еңбек адамының жарқын үлгісі. Ол «Талдықорғанжылусервис» мекемесінде 10 жылдан астам уақыт бойы еңбек етіп, тәжірибелі шеберге айналды. Бүгінде өндіріс үдерісінің үздіксіз жүруіне, тұрғындарға сапалы қызмет көрсетуіне өзіндік үлесін қосып келеді. Қуаныш Керімбекұлының басты міндеті – түрлі жабдықтарды жөндеу, құрастыру және реттеу. Оның ұқыптылығы мен жауапкершілігінің арқасында көптеген ақаулар дер кезінде жойылып, техникалық қауіпсіздік сақталады. Әріптестері оны еңбекқор әрі тиянақты маман ретінде құрметтейді. «Біздің жұмысымыз оңай деп айтуға келмейді. Үлкен жауапкершілікті, ұқыптылықты талап етеді. Сондай-ақ үнемі ізденісте болып, жаңа технологиялар мен құрал-жабдықтарды меңгеріп отыруымыз қажет», – дейді кейіпкеріміз. Еңбегі мен табандылығы арқылы қазіргі заманғы өндіріс саласында слесарь мамандығының қаншалықты маңызды екенін дәлелдеп жүрген білікті қызметкер. Жас ұрпаққа үлгі болып, жұмысшы мамандықтарының беделін арттыруға да зор үлес қосып келеді.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

ТАБИҒИ ГАЗДЫ ҚАУІПСІЗ ПАЙДАЛАНУ

Талдықорған қаласында коммуналдық-тұрмыстық газ тұтынушыларына газ тұтыну жүйелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында түсіндіру жұмыстары өткізілді.

Іс-шараға қалалық тұрғын үй инспекциясы бөлімі, Төтенше жағдайлар басқармасы және «QazAitpaq» қызметінің өкілдері қатысып, газ және газбен жабдықтау саласындағы заң талаптарын сақтау жөнінде тұрғындарға мониторинг жүргізді.

Мониторинг жұмысының басты мақсаты – қала аумағындағы газ тұтыну жүйелері мен газбен жабдықтау нысандарында техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу. Осыған байланысты мониторингтік топ газ жабдықтарын қауіпсіз пайдалану ережелерін түсіндіріп, ақпараттық-профилактикалық жұмыстарды күшейтті.

ЖОЛДАРДЫ ЖӨНДЕУ ЖАЛҒАСУДА

Талдықорған қаласының «Жастар-2» тұрғын үй алабында автомобиль жолдарына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жоба аясында жалпы ұзындығы 9,8 км болатын 12 көше қамтылған.



2025 жылы жалпы ұзындығы 2,3 км болатын 3 көшеге асфальт жабындысы төселеді. Ал қалған 7,5 км болатын 9 көшеге жөндеу жұмыстары 2026 жылы аяқталады деп жоспарлануда.

Аталған жұмыстар жол сапасын жақсартуға, қозғалыс қауіпсіздігін арттыруға және тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыруға бағытталған. Қаладағы негізгі көшелердің бірі Қабанбай батыр көшесінде орташа жөндеу жұмыстары басталып кетті.

Жөндеу жұмыстары Абай көшесінің қиылысынан басталып, Н.Алдабергенов көшесіне дейінгі аралықты қамтиды. Жалпы ұзындығы 2,3 шақырым болатын жолға жаңа қатты асфальт жабындысы төселмек.

Сала мамандарының айтуынша, жөндеу жұмыстары 2025 жылдың қазан айында толық аяқталады деп жоспарлануда.

5 ЖАҢА БАҒДАРШАМ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру мақсатында Талдықорғанда 3 жаяу жүргіншіге арналған және 2 автокөлікке арналған жаңа бағдаршам жұмыс істей бастады.



Атап айтқанда, Еркін ауылындағы Сүлейменов көшесіне, Н. Назарбаев даңғылы бойындағы «Мебельный» аялдамасына және Рақышев көшесіндегі «Foodmart» супермаркетінің жанына жаяу жүргіншілерге арналған бағдаршамдар орнатылды.

Сонымен қатар, автокөліктерге арналған бағдаршамдар Желтоқсан көшесі арқылы қаладан шығатын айналма жол тұсына және Балпық би мен Сланов көшелерінің қиылысына орнатылды.

Бұл жаңашылдықтар қала тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды қадат. Жол ережелерін сақтаңыздар және жаңа бағдаршамдарға мұқият болыңыздар!

ҮЛКЕН ФУТБОЛДАН ЖОЛДАСТЫҚ КЕЗДЕСУ



Талдықорған қаласындағы «Жетісу» орталық стадионында Қала күні мерекесіне орай «Жетісу» футбол клубының ардагерлер құрамасы мен қала әкімдігінің қызметкерлері арасында үлкен футболдан жолдастық ойын ұйымдастырылды.

Тартысты өткен кездесу екі таймнан тұрды. Ойын 4:4 есебімен тең аяқталды. Ең алғашқы голды қала әкімі Ернат Бәзіл бірінші таймның 10-шы минутында соғып, жанкүйерлерге ерекше әсер сыйлады.

Жолдастық ойынға қала әкімінен бөлек, әкімнің орынбасарлары, аппарат басшысы, қалалық бөлім басшылары, сала ардагерлері қатысты. Сондай-ақ алаңда елімізге танымал футболшы, ұлттық құрама сапында рекордтық 76 ойын өткізген, Қазақстанның бірнеше дүркін үздік футболшысы Самат Смаков та өз өнерін көрсетті.

«Жетісу» құрама командасының бас бапкері Самат СМАҚОВ:

- Бүгінгі шара футбол арқылы жастарға үлгі көрсетіп, салауатты өмір салтын дәріптеудің бір жарқын үлгісі болды. Осындай игі бастамалар жиі жалғасын таба береді деген сенімдемін. Алда келе жатқан қала күні құтты болсын, - деді ол.

Іс-шара барысында қала әкімі Ернат Бәзіл жиналған жұртшылықты келе жатқан Қала күнімен құттықтап, ойынның жоғары деңгейде өткенін айтып, осындай спорттық шаралар алдағы уақытта да тұрақты түрде өткізілетінін жеткізді. Сонымен қатар, ардагер спортшыларға алғысын білдірді.

Шараның басты мақсаты – қоғамда салауатты өмір салтын насихаттау, ұрпақтар сабақтастығын нығайту және бұқаралық спортты дамыту.

Сонымен қатар, қала әкімі Ернат Бәзіл ардагерлермен бірге қаладағы мектеп оқушылары мен жас футболшыларға 500 доп тарту етті. Шара соңында қатысушылар естелік суретке түсіп, көтеріңкі көңіл күймен тарқасты.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі



Әділбек
Нұрақынұлы – ақын.

1976 жылы ҚХР Шинжаң өлкесінің Құмыл ауылында дүниеге келген. Қазіргі таңда Қаратал ауданының Көкдала ауылында тұрады. Ақынның лирикаға толы өлеңдері Отан, атажұрт, туған жер, өскен өлке, табиғат көріністері туралы сүйіспеншілікті, мақтанышты, үйлесімділікті баяндайды.

Жетісу -
Талдықорғаным

Сыңсыған жасыл орманың,
Бірісің құтты орданың.
Жер жанаты, жерұйық,
Жетісу- Талдықорғаным.

Қаратал- Көксу өзенім,
Ырысқа толы өзегің.
Сұлулық пен байлықтың-
Жетісу тұнған көзі едің.

Берсем де жанды қолдан,
Жер үшін болам құрбан.
Анамдай ардақтысың,
Жетісу- Талдықорған.


Шабыт ап таңғы нұрдан,
Кетейін қалдырып ән.
Жердегі жәннатымсың,
Жетісу -Талдықорған.

Анамдай жайсаң ардағым,
Атамдай асыл қормалым,
Саркылмас құтым, зор бағым,
Жетісу - Талдықорғаным.

Бабамның жалпағ арманың,
Көгіңде құстай самғадым.
Барымды саған арнадым,
Жетісу- Талдықорғаным.

2025 жыл.

ЕҢБЕК АДАМЫ ЖЕР-АНАҒА ЖАРТЫ ҒАСЫРЫН АРНАҒАН ТҰЛҒА



Қала күні қарсаңында еліне адал еңбегін арнап, танымал болған тұлғалар жайлыда қалам тербеуді мақсат тұттық. Бүгінгі біздің кейіпкеріміз: ғалым-ұстаз, еңбек ардагері, Экология Академиясының мүше-корреспонденті, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қоғам белсендісі- Сапарғалиев Черизат Құрманғалиұлы.



– Черизат аға, 23 шілдеде 75 жасқа келіпсіз, құтты болсын! Сұхбатымызды туған жерден, елден бастасақ.

– Рақмет. Туған жерім - Жетісу облысы, Алакөл ауданы, Жыланды ауылы. Әкем Құрманғалидың әкесі Бейсенбай деген бай болған екен. Балаларын өз әкесі – Сапарғалиға жаздыра беріпті. Құрманғали әкем – 1917 жылғы. 4 кластық білімімен-ақ ауылда учетчик, бригадир, т.б қызметтер атқарған, яғни шолақ белсенді, іскер, тым ақкөңіл адам болды. 1960 жылдары – қойма меңгерушісі, дүкен меңгерушісі болған кездерінде малдың жемінен, дүкендегі азық-түліктен қап-қап қылып, жәшіктеп қарызға бере береді екен. Ол кез ауыл адамдарында, әсіресе шопандарда мал көп, той көп. Содан біреулер қарыздарын қайтарады, біреулері қайтара алмай қалады. Ревизия болғанда, келтірілген шығындарға шаш жетпей қиналып қалады. Амалсыздан, Жыландыдағы үлкен үйімізді сатып, Екпінді ауылындағы Құдайберген нағашымның үйіне көшіп келдік. 1918 жылғы анам – Бижамал Әміреқызы шешесінің қасына, бауырларының ортасына келіп бір марқайды. Мен ол кезде 8-ші сыныпқа көшкен едім. Окуда-үздік, ойында-тынымсыз болып өстік....

1967 жылы Екпінді орта мектебін қазақша бітіріп, Алматыдағы Мемлекеттік Ауылшаруашылығы институтына түстім. 1972 жылы осы институтты ғылым-агроном мамандығы бойынша тәмамдап, жолдамамен Талдықорғандағы «Казгипрозе» институтында қызмет жасадым. Ол кезде жолдамамен келген жас мамандарға бір жылда пәтер беретін. 1973 жылы осы мекемеден 1,5 бөлмелі пәтер алып, ауылдағы әке-шешемді Талдықорған қаласына көшіріп әкелдім. «Адамның тегі, қаны, қасиеттері тұқымға беріледі», - деген рас екен. Мен де әкеме тартып дүниеге қызықпадым. Негізінен оқу-білім қуып, ғылым жолымен кеттім. Әлі де осы 1,5 бөлмелі пәтерде тұрып келемін. Әкем ертерек, 60-тан аса дүниеден озды. Бижамал анам Алланың берген 84 жасын жасап, немерелерін тәрбиелеп өсірген салиқалы әже атанып жүріп, әкемнің артынан кете барды. Анамның өте жиі қолданатын «Өзіңді өзің жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін», - деген мақалы менің өмірлік ұстанымыма айналды.

– Сізді «ауыл шаруашылығы саласын, оның ғылыммен байланысын жақсы қолдайтын маман», - деп көп айтылады. Оның сыры неде? Қазіргі кезде немен айналысасыз?

бұрынғыдай қызмет жасамайды, - деген заңды сұрақ туады.

– Ауыл шаруашылығы өндірісі мен ғылымының құлдырау уақытын қалай бағалайсыз және осы уақытта қандай шаруалар бітірдіңіз?

– Ел-жұрттың бәрі біледі, бұл бір қиын кезең еді. Әсіресе, ауылдарда жер мен мүліктер жекешелендіріліп, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кеткен уақыт болды. Қарапайым жұмысшылар, ұсақ фермерлер мен кіші шаруа қожалықтары қаржы мен техника жетіспегендіктен жер пайларын шаруашылық басшыларына сүтегін беріп жатты. Осылайша, құлдыраған ауылдарда ерекше байлар-латифундистер пайда болды. Көпшілігі күнкөріс қамымен қала жағалап, базарға шығып,

Өз үйін де қолымен тұрғызды. Қазіргі таңда автокөліктердің барлық түрін жөндеудің шебері. «Өнерді үйрен де жирен», - дегендей, келінім Нейла екеуі мейрамханалық бизнестен бастап, құрылыс, агробизнесі игеріп алды. Қазіргі уақытта логистика саласында жұмыс жасайды. Үлкен немерем Әмір-Қытайдың халықаралық медициналық университетін бітірген. Үйленіп, жұбайы Сәниямен Алматыда тұрады, жұмыс жасайды. Интернатурада оқуын да жалғастыруда. 3 жаста Жәния атты шөбереміз бар. Одан кейінгі немерем Елдана – Қазан қаласындағы мемлекеттік Медициналық университеттің соңғы курсына, өте жақсы оқып, «Жыл студенті» атанды. Немерем – отбасының ғана емес, елінің мәртебесін көтеріп жатқаны қуантады. Кіші немерем Нұрсұлтан-Алматыдағы Менеджмент университетінің студенті.

Қызым – Жазира осында тұрады. Банк саласы мамандығы бойынша жоғары білімі бар. Бала кезден армандаған «Сән салонының» иесі. Күйеу балам Қайратта кәсіпкер. Ұлы Елнұр-Алматыдағы халықаралық ақпараттық технология университетінің студенті. Қызы Айша – 5 сынып оқушысы. Жалпы өзіңіз байқап отырғандай, бәйбішем, бала-шағам, немерелерім-еңбекқор. Бәйбішем екеуіміз өзімізге және немере-шөбереге силыққа жететіндей зейнетақы аламыз. Аллаға шүкір! Қарнымыз тоқ, көйлегіміз көк.

– Аға, өмір белестеріңізді бағалап, қорытындылайтын болсақ, не айтар едіңіз?

– Жалпы адам өмірі мінсіз емес. Менің өмірімнің де «Тар жол, тайғақ кешулері» болды... «Әр адам жазылмаған бір кітап», - демекші өмір белестерін айта берсем, бірнеше кітап болар. Сондықтан қорытынды ретінде ұстаз-ақын, нағашым Алдаберген Әміреұлының әулетімізге және маған арнаған бірнеше шумақ өлеңін айта кетсем:

*Сапарғали-Құрманғали әулеті,
Жақсы жандар кісілікте бар ниеті.
Өсіп-өніп, бір тайпа ел болыңдар!
Шүкір Аллаһ, көрініп тұр бір шеті.*

*Кандидатсың, ғылыми еңбегің бар,
Бала-шағаң, жолдасың өзіңе пар.
Екі тілде сөйлеуге тілің жатық,
Саясат, ақпаратқа емессің зар.*

*Жақсылық, жаңалыққа жаның құмар,
Еңбек қорғап мойныға таққан тұмар.
Ақылға сап алды-артын әр уақытта,
Жақсы-жаман, аз-көпке шыдап тұрар.*

*Асқар таудай ата-еңең, нағашың бар,
Өнерлі, ғалым, ақын жолдасың бар.
Шәріп мырза, Қарлығаш әпкеңменен
Әбілхайыр, Гүлнардай інілер бар.*

*Мархаба, жиен келін сүйсінткен жар,
Асықтай ұл-қызыңмен немерең бар.
Күйеу бала, келіндер ілтипатты,
Маңдайға сыып тұрса болмайды тар.*

*Байлық деген нысап, ниет, намыста,
Солар барда бизнестерден қалыспа.
Әрі нәрсеге икемдісін, еңбекқұмар,
Сәтімнен озат болғай жарыста.*

*Тәуба, Құдай! Байсың міне ақиқат,
Берген, әлі береді ғой табиғат.
Ақыл-санаң жетерлік мұсылмансың,
Саған онша қажет емес насихат.*

*Тәуба, Құдай! Жетерлік ақыл-айлаң,
Әр нәрсеге жетерлік тәсіл-айлаң.
Бар ғой, соны пайдалан орынымен,
Тие берсін әркімге табыс-пайдаң.*

– Черизат аға, «Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра», - демекші, редакциямызға келіп, өмірден түйген ойларыңызды ортаға салғаныңыз үшін алғыс айтамыз. Жұбайыңызбен ұл-қыздарыңыздың қызығын көріп, немерелер мен шөберелердің ортасында ақылшы ақсақал болыңыз.

Гүлжанат НҰРШАНОВА

сауда-саттықпен айналысты. Мемлекет тарапынан, кейін осы жағдайды қайта қарап, ұсақ шаруа қожалықтарын біріктіріп, Агробанкті «тірілтіп», аяқтарынан тұрып кеткенше қаржылай қолдайтын уақыт туды. Әрине, оларды тұрақты түрде оқытып, ғылым жетістіктерін өндірістеріне енгізу кезек күттірмейтін шаруа еді. Өз басым қанша қиын болса да шығармашылық жолымнан таймадым. Ғылыми статьялар мен кітаптар жаздым. Жетісу мемлекеттік университетінде эколог және агрономдық мамандықтар ашуға атсалыстым. Осы университеттің проректоры және профессорларымен бірігіп 2 кітап шығардық. Біліктілік курстарынан өтіп, Көксу ауылшаруашылығы колледжінде арнайы агрономиялық пәндерден дәріс бердім. Осы жерден зейнеткерлікке шықтым.

– Зейнеткерлікке шыққаннан кейін немен айналыстыңыз? Отбасыңыз, балаларыңыз тура-лы да айта кетсеңіз.

– Жалпы, зейнеткерлікке шыққаннан кейін үйде жата берген дұрыс емес деп ойлаймын. Өз басым әлеуметтік-қоғамдық жұмыстардан бас тартқан емеспін. Талдықорған облысы кезінде облыстық табиғатты қорғау инспекциясының басшысы, Жетісу аймақтық ардагерлер төрағасы, қазіргі кезде Жетісу облыстық қоғамдық палатасының мүшесі және халықаралық Экология академиясының мүше-корреспондентімін.

Отбасын құрғаннан бері, яғни 50 жыл болды саяжайда бау-бақша өсіремін. Агроном болғандықтан, бала-шағаға еңбек тәрбиесі арқылы білімдерін, ой-өрістерін жетілдіру негізгі мақсат болды... Нәтиже жаман емес. Еңбек пен білімді ұштастырған сайын отбасы қаржысы үнемделіп жатты.

Екі балам бар. Ұлым-Мақсат, қызым-Жазира. Балам кішкентайынан-ақ жұмысқа бейім болды. Саяжайда көкөніс өсіру, сақтау, жерді тыңайту, құрылыс жүргізуді қиналмай атқара беретін. Есейгенде Алматыға оқуға түсіп, кейін отбасын құрды.



ҚАЛА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

КӨШЕ АТАУЫНА КӨҢІЛ БӨЛЕЙІК!

Өзге мемлекеттерден, болмаса еліміздің басқа облыстарынан сапарлаған қонақтар ең алдымен елді мекеннің, көшенің атауларына назар аударатыны сөзсіз. Ұлттығымызды ұлықтайтын тарихи атаулар арқылы біз өңірімізді дәріптеп қана қоймай, ұрпағымызды бабалар мұрасына бағыттаймыз.

Онамастикалық атаулар-ел тәуелсіздігінің баға жетпес бөлшегі. Талдықорғанның онамастикалық комиссиясы Тәуелсіздік шежіресінде тұрманын түгендеп, ұлт бірлігін паш ететін, тарихи тұлғаларды танытып, қазақи мазмұны терең атаулардың қаланың айнасына айналғаны мерейімізді тасыта түсті. Бүгінде шаһарымыз қарқынды серпінмен дамып, өзіндік ерекшелігімен көзтарта түсуде. Қаламыздың күнделікті тыныс-тіршілігі, әлеуметтік-экономикалық даму үрдісі, мәдениеті мен тілі, ділі, спорты газетіміздің апта сайын жарық көретін санында жазылып келеді. Осы құндылықтарды дәріптеу-қоғам үлесінде. Дей тұрғанмен, тарихтан сыр шертер көше атаулары

дұрыс жазылып жүр ме? Мемлекетіміз бекіткен заңдылық талаптарына сай ма? Осы орайда қолға алынып жатқан шараларға көз жүгіртейік, «Талдықорған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері жуырда Талдықорған қаласы бойынша көше аншлагтарына мониторинг жүргізіп, көше атауларының рәсімделуі және көрнекі ақпарат, жарнама тілінің Қазақстан Республикасының «Тіл туралы», «Жарнама туралы» заңдарына сәйкес жазылуын қарады. Қорытындысында, халқымыздың біртуар азаматтарының аты берілген орталық көшелерден әрі аспай жатып-ақ, бірталай кемшіліктердің беті ашылды.

Республикалық, облыстық, аудандық маңызы бар қалалардағы, астанадағы, кент, ауыл және басқа да елді мекендердегі көше аншлагтарын жазу және орналастыру жөніндегі ҰСЫНЫМДАР

2. Ғимарат аншлагтары

2.1. Аншлагтардағы көше аты тиесілі тарихи, дәстүрлі атаулар мен тұлғалардың есімдері ешқандай қысқартусыз толық жазылады.

Жазылу нұсқасы: Бауыржан Момышұлы, Сәкен Сейфуллин көшесі, даңғылы т.б.

2.2. Бойындағы дара қабілеті, ерекше қасиеттеріне сәйкес есімдері елге кеңінен мәлім болған тұлғалардың аттары дәстүрлі нормаға сәйкес жазылады.

Жазылу нұсқасы: Ақан сері көшесі, Біржан сал көшесі, Күйші Дина көшесі, Құрманғазы көшесі, Абай даңғылы, Балуан Шолақ көшесі және т.б.

2.3. Көше атауы тиесілі тарихи, дәстүрлі атаулар мен тұлғалардың есімдері аншлагқа өзге тілдерге аударылмай, мемлекеттік тілдегі нұсқасы жазылады.

Жазылу нұсқасы: Абай көшесі, Ахмет Байтұрсынұлы көшесі, Тәуелсіздік даңғылы және т.б.

2.4. Облыс орталықтары мен республикалық маңызы бар қалалардың аншлагтарындағы көше атауы мемлекеттік тілде, ал көшесі деген сөз қажет болған жағдайда үш тілде: «көшесі, улица, street» жазылады (1-үлгі). Ал аудан, ауыл және басқа да елді мекендердегі көше аншлагтарында тек «көшесі» сөзі жазылады (2-үлгі).

2.5. Облыс орталықтары мен республикалық маңызы бар қалалардың аншлагтарындағы даңғылдар атауы мемлекеттік тілде, ал даңғылы деген сөз қажет болған жағдайда үш тілде: «даңғылы, проспект, avenue» болып жазылады (3-үлгі).

2.6. Аншлагтар ұзындығы 120 см, ені 25 см, қалыңдығы 0,8 см болатын пластик тақтайшадан жасалынады.

2.7. Аншлаг шартты түрде үш бөліктен тұрады. Бірінші бөлікте көше аты тиесілі тұлғаның аты-жөні немесе тарихи, дәстүрлі атаулары солдан оңға қарай жазылады, екінші бөлікте шеңбер ішіне ғимараттың реттік нөмірі, қажет болған жағдайда таяқша арқылы көрсетіледі (4-үлгі), ал үшінші бөлікте көшесі (даңғылы) деген сөз жазылады /2.4/, /2.5/. Бірінші және үшінші бөліктің асты мен үсті ұлттық нақыштағы өрнектермен жиектеледі.

2.8. Көше атауы тиесілі тарихи, дәстүрлі атаулар мен тұлғалардың есімдері бас әріптермен жазылады.

Жазылу нұсқасы: ШОҚАН УӘЛИХАНОВ КӨШЕСІ, МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ КӨШЕСІ, АБАЙ ДАҢҒЫЛЫ және т.б.

Сондай-ақ, үшінші бөліктегі жазулар да бас әріптермен жазылады.

Жазылу нұсқасы: КӨШЕСІ, УЛИЦА, STREET, ДАҢҒЫЛЫ, ПРОСПЕКТ, AVENUE және т.б.

Аншлаг жазуларындағы үлкен әріптер – 9 см, кіші әріптер – 3 см, Arial шрифтімен жазылады.

2.9. Негізгі фоны көк түсті жарық шағылыстыратын жабыннан жасалған, әріптер және өрнектер ақ түсті.

3. Жол аншлагтары

3.1. Жол бойындағы және жол қиылыстарындағы көше (даңғыл, түйік көше және т.б.) атаулары көрсетілетін белгі аншлагтар мемлекеттік тілде жазылады.

3.2. Жол бойындағы және жол қиылыстарындағы көше (даңғыл, түйік көше және т.б.) атаулары көрсетілетін



«Абай» атындағы көшенің аншлагы «Абая», «Рақышев» атындағы көше «Ракишева», «Ракишев» болып, орыс тілінде жазылған әрі түсі өңіп кеткен. «Абылайхан», «Қаблса Жырау», «Балпық би», «Ескелді би» атындағы көшелердің, «Желтоқсан» көшесі аншлагтарының жазуы өңіп кеткен, ескіріп, ештеңе көрінбейтіндей жағдайға жеткен. Жалпы, көше аншлагтарын заңға сай орнату, талапқа сай ұстау, ескірсе уақытында ауыстырып отыру әр тұрғын-

ның басты міндеті саналады. Кез келген адам өзі тұратын үйдегі көше атауын қалауынша безендіріп, немесе жаза бермейді. Ол үшін Қазақстан Республикасының республикалық, облыстық, аудандық маңызы бар қалалардағы, астанадағы, кент, ауыл және басқа да елді мекендердегі көше аншлагтарын жазу және орналастыру жөніндегі заңдылығы бар. Назар аударыңыздар!

белгі аншлагтар ұзындығы 120 см, ені 26 см болатын пластик тақтайшадан жасалынады. Жан-жағынан беріктігі мен ұзақ уақыттық жарамдылығын қамтамасыз ететін металл қоршауға алынады (5-үлгі).

3.3. Аншлагтағы жазулар екі қатардан тұрады. Бірінші қатарға көше (даңғыл, түйік көше және т.б.) атауы, екінші қатарға тиісті «көше», «даңғыл» сөзі тақтайшаның екі бетіне де оңнан солға қарай жазылады.

3.4. Тақтайшаның негізгі фоны – ақ, ал жазулар - қара түсті. Тақтайшаның көшені (даңғылды, түйік көшені және т.б.) нұсқап тұрған жағы дөңес болып келеді. Ал қарама-қарсы жағы ұлттық нақыштағы өрнектермен жиектеледі (6-үлгі).

3.5. Көше (даңғыл, түйік көше және т.б.) атауы 105 мм болатын бас әріптермен, «көше», «даңғыл» сөзі 55 мм болатын кіші әріптермен және барлық жазу Arial шрифтімен жазылады /2.8./.

3.6. Облыс орталықтары, республикалық маңызы бар және басқа да ірі қалалардағы магистралдық жолдардағы ақпараттық аншлагтар ұзындығы 150 см, ені 75 см болатын пластик тақтайшадан жасалынады (7-үлгі). Аншлаг жоғарғы және төменгі жиектері ұлттық нақыштағы өрнектермен безендірілген жарық шағылысыратын ақ және жарық шағылысыратын көк түске бөлінген екі негізгі бөліктен тұрады. Жоғарғы бөлігіне жол бойымен тік бағыттағы көшелер (даңғылдар), нысандар, атаулары ақ әріптермен, ал төменгі бөлігіне жол бойымен көлденең бағыттағы көшелер (даңғылдар), нысандар атаулары көк әріптермен жазылады. Жазудың оң жағына тиісті көшесі (даңғылы) деген сөз жазылады /2.1/, /2.2/, /2.3/, /2.4/, /2.5/, /2.8/. Жазулардың сол жағына бағыт нұсқағыштар мен тиісті қашықтық мөлшері көрсетіледі.

3.7. Магистралдық жолдардағы ақпараттық аншлагтардағы жазулардағы үлкен әріптер – 10 см, кіші әріптер – 7 см, Arial шрифтімен жазылады.

4. Орналастыру тәртібі

4.1. Көше атаулары мен ғимараттардың реттік нөмірлері көрсетілген аншлагтар ғимараттардың қабырғасына жерден 2,5-тен 3,0 метрге дейінгі биіктікте

ілінеді.

4.2. Жол бойындағы және жол қиылыстарындағы көше (даңғыл, түйік көше және т.б.) атауы көрсетілген жол аншлагтары жол бойындағы және жол қиылыс-тарындағы бағандарға жерден 2,5-тен 3,0 метрге дейінгі биіктікте орналастырылады. Жол қиылыстарында аншлагтар бір-бірін жауып қалмау үшін сатылай ілінеді.

4.3. Облыс орталықтары, республикалық маңызы бар және басқа да ірі қалалардағы магистралдық жолдардағы ақпараттық аншлагтар арнайы орнатылған бағандарға немесе бағдаршам тіреуішіне ілінеді.

Құрметті Талдықорған қаласының тұрғындары!




Қауіпсіздік пен қолайлылық үшін қаладағы жеке үйлерде міндетті түрде көше атауы мен үй нөмірі көрсетілген аншлагтар — тақтайшалар болуы керек.

Сіздің міндеттеріңіз:

- Оқылатын әрі ұқыпты аншлаг орнату.
- Табличканың жағдайын қадағалау – түсі өзгерген немесе зақымданған жағдайда жаңарту.
- Ауа райының әсеріне төзімді материалдарды пайдалану.
- Аншлагты көше жағынан жақсы көрінетін етіп орналастыру.
- Көше атауын қазақ тілінде жазу.
- Егер аншлаг жоқ болса немесе бүлінген болса, оны ауыстыру.

Сұрақтар туындаған жағдайда келесі мекемелерге хабарласыңыз:

«Талдықорған қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» немесе «Талдықорған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімі».



Ел азаматтарының белсенділігі-мемлекеттің тұтастығының, халқымыздың бірлігінің кепілі. Мемлекет, оны құрайтын ұлт мүддесі үшін қолға алынған шаралардың барлығы игілікті. Әр тұрғын қаланың патриоты екенін өз көшесінен, өзі тұрған үйінен, оның атауынан, тазалығынан білдіруі керек. Талдықорғанның төл мерекесі-туған күні құтты болсын!

Гүлжанат НҰРШАНОВА


ҚҰЛЖАБАЙ ҚАСЫМОВ – 90 ЖАСТА ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨРКЕНДЕУІНЕ ЖОЛ АШҚАН ҚАЙРАТКЕР

Жетісу облысы, Талдықорған қаласындағы Құлжабай Қасымов атындағы №28 ІТ мектеп-лицейінің ұжымы физико-математика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Құлжабай Әбдіқалықұлы Қасымовтың 90 жылдық мерейтойын кең көлемде атап өтпек.

Ұлттың өркениеттілік деңгейі ең алдымен оның ғылымы мен білімінің дамуымен өлшенеді. Сол тұрғыдан қарағанда, қазақ ғылымының тарихында еліміздің білім беру саласына өлшеусіз үлес қосқан ірі тұлғалар аз емес. Солардың бірі – физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Құлжабай Әбдіқалықұлы Қасымов. Ол – бар өмірін ғылым мен білім беру жүйесін жетілдіруге арнаған тұлға, жастар тәрбиесінде де өшпес із қалдырған қайраткер.

Құлжабай Әбдіқалықұлы 1935 жылы 25 қыркүйекте Алматы облысы (қазіргі Жетісу облысы), Көксу ауданының Талапты ауылында дүниеге келді. Жастайынан білімге ынтық болған ғалым, ауыл мектебінде оқып жүріп-ақ зеректігімен, ізденімпаздығымен ерекшеленді. 1952 жылы Еңбекшіқазақ орта мектебін үздік бітірген соң, ол «Математика» мамандығын таңдап, С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) физика-математика факультетіне оқуға түседі.

Ғалымның ғылымға деген құштарлығы университет қабырғасында байқалады. Ол студент кезінде матрицалық алгебраның сызықтық теңдеулер жүйесін шешудің тиімді әдістерін жасауға байланысты ғылыми мәселелермен айналысқан, кейін бұл зерттеулер оның дипломдық жұмысының негізін қалады. Ғалым 1957 жылы аталған оқу орнын үздік тәмамдаған соң, жас мамандарды жұмысқа бөлу жөніндегі мемлекеттік комиссияның шешімімен оны математикалық талдау кафедрасының ассистентіне қалдырды. Ғалым осы сәттен бастап, болашағын ғылымға арнауға шешім қабылдайды. Қ.Ә. Қасымовтың математикалық қабілеті мен ғылыми ізденімпаздығын байқаған ҚазМУ-дың физика-математика факультеті жас ғалымды М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің есептеу математикасы кафедрасына бір жылдық тағылымдамаға жіберсе, 1959



жылы аталған оқу орнының аспирантурасына түседі. Осылайша, Қасымов кеңестік ғылым орталықтарында білімін жетілдіріп, Қазақстанға терең білім мен тәжірибесімен оралды.

Ғалымның басты ғылыми ізденіс бағыттары – дифференциалдық теңдеулер, интегро-дифференциалдық есептер және математикалық физика салаларымен тығыз байланысты болды. Бұл салаларда ол терең теориялық нәтижелерге қол жеткізді. Қ.Ә. Қасымов сингулярлы ауытқыған теңдеулердің, асимптотикалық теорияның әйгілі маманы ретінде әлем ғалымдарына танылды. Қайраткер тұлғаның қаламынан 200-ден астам ғылыми жұмыс, оның ішінде бес монография және қазақ тіліндегі «Жоғары математика» курсының үш томы, жоғары оқу орындарына арналған бес оқулық жазылып, қазақ тілінде математикалық терминологияның қалыптасуына үлкен үлес қосты. Ғалымның аталмыш еңбектері математика пәнін мемлекеттік тілде оқыту ісіне жаңа серпін берді.

Қ.Ә. Қасымов педагогикалық қызметінде де айрықша еңбек сіңірді. Ол 1972 жылы докторлық диссертациясын қорғағаннан кейін ҚазМУ-ға оралып, осы жылы



жаңадан ашылған «Қолданбалы математика» факультетінің деканы болып жұмыс істейді. Ғалым «Компьютерлерді математикалық тұрғыдан қамтамасыз ету» кафедрасын да басқарды. 1975–1980 жылдары ЖОО оқытушыларының біліктілігін арттыру факультетінің деканы, 1980–1987 жылдары Қазақ педагогикалық институтының (қазіргі Абай атындағы ҚазҰПУ) ректоры болып тағайындалды. Сондай-ақ, 1991–1994 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде механика-математика факультетінің деканы, дифференциалдық теңдеулер және есептеу математикасы кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарып, жоғары білім жүйесін дамытуға зор үлес қосты.

Қасымов жас ғалымдардың жетекшісі ретінде 52 кандидаттық және үш докторлық диссертациялардың қорғалуына ықпал етті. Оның шәкірттері бүгінде Қазақстанның әр өңірінде, сондай-ақ шетелде ғылым мен білім саласына еңбек етіп жүр.

Құлжабай Әбдіқалықұлының еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланды. Ғалым «Ыбырай Алтынсарин» медалімен, оқу-ағарту және педагогикалық ғылым саласындағы ерен еңбегі үшін «Құрмет» орденімен марапатталды. 2004 жылы аудан әкімшілігінің шешімімен ғалымға жерлестері «Көксу ауданының Құрметті азаматы» атағын берді. Бұл марапаттар ғалымның ғылым мен білім жолындағы қажырлы еңбегінің айғағы.

Құлжабай Қасымов 2014 жылы дүниеден озды. Бірақ оның артында қалған ғылыми еңбектері, тәрбиелеген шәкірттері, ұстаздық өнегесі ел жадында мәңгі сақталады. 2022 жылы Жетісу облысындағы зиялылар мен білім саласы мамандарының ұсынысы ескеріліп, ғалымның құрметіне Жетісу облысы, Талдықорған қаласындағы №28 ІТ мектеп-лицейіне Құлжабай Қасымовтың есімі берілді. Аталмыш мектепте жыл сайын жалпы білім беретін мектептердің 7-9 сынып оқушыларына арналған «Математикалық және ІТ сауаттылық» бойынша «Құлжабай Қасымов» атындағы облыстық олимпиадасы жоғары деңгейде өткізіліп келеді.

Құлжабай Әбдіқалықұлы Қасымовтың өмір жолы – ғылымға адалдықтың, елге қызмет етудің, ұрпақ тәрбиелеудің жарқын үлгісі. Ол ұрпақ санасына: «Нағыз ғалым – тек ғылыммен айналысатын емес, білімін ел игілігіне арнайтын тұлға», – деген өнегелі ойды қалдырды. Ғалымның ғылымдағы жаңалықтары, педагогикалық қызметі және ұйымдастырушылық еңбегі – білімге ұмтылған жас ұрпақ үшін тағылымды мектеп болары хақ.

Ардақ АЯЗБАЕВА,
Талдықорған қаласы
Құлжабай Қасымов атындағы №28
ІТ мектеп-лицейінің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қайыпсіз Қазақстан үшін!

№17 орта мектебінде 8-11 сынып оқушылары арасында «Кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың алдын алу», «Буллинг» және «Кибербуллинг» тақырыптарында кең көлемді профилактикалық жиын өтті.



ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

Іс-шараның басты мақсаты – жас ұрпақтың бойына заңға құрметпен қарау мәдениетін сіңіру, жат қылықтардан бойын аулақ ұстауға үндеу, құқықтық сауаттылықты арттыру және әділетті, адал өмір сүруге тәрбиелеу. Жиынға мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Камшат Тоқан, әдеп-құқық жұмысы жөніндегі ментор Эльмира Чечимбаева, жергілікті полиция қызметінің ювеналдық полиция тобының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік инспекторы, полиция аға лейтенанты Асет Абдықанов және аға лейтенант Меруерт Мужикова қатысты. Кездесу барысында мамандар оқушыларға құқықтық мәдениет қалыптастырудың мән-маңызы, қоғам алдындағы жауапкершілік пен жеке әрекетке есеп беру қажеттілігі жайында кеңінен түсіндірді. Сонымен қатар құқық бұзушылықтың түрлері, оның салдары, буллинг пен кибербуллингтің психологиялық және құқықтық зардаптары жөнінде нақты мысалдар келтірілді. Іс-шараның тәрбиелік мәнін арттыру мақсатында оқушыларға сұрақ-жауап, пікірталас ұйымдастырылып, ақпараттық парақшалар таратылды.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

ТӘРБИЕ ТАЛ БЕСІКТЕН БАСТАЛАДЫ

Халқымыз ежелден-ақ ұрпақ тәрбиесіне айрықша мән берген. Адамның тұлға болып қалыптасуы ең алдымен отбасы тәрбиесінен бастау алады. Ал, бала ата-ананың айнасы, отбасы құндылықтарын тал бесіктен, жер бесікке дейін бойына сіңіретін шағын әлемнің өкілі.

Жаңау – баланың алғашқы мектебі. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету сынды асыл қасиеттер осы кезеңнен дарытылады, болашақтағы мінез-құлқына, дүниетанымына әсер етеді. Баланың бойына сіңірілген ізгі қасиеттер кейін оның

өмірлік ұстанымына айналады. Сондықтан ата-ана өз ісімен де, сөзімен де өнеге болуы тиіс. Ұлттық салт-дәстүрімізді, рухани қазынамызды жоғалтпай заман ағымынан қалмау – уақыт талабы. Алайда, «Орта түзер ойынды, ойың түзер бойынды», -дегендей ұрпағымыз дұрыс қалыптасуға әсер ететін ортаны тандай білсе дейміз.

Руслан САМРАТБЕКОВ,
Талдықорған қаласы әкімі аппаратының
ұйымдастыру және мемлекеттік құқықтық бөлімінің
басшысы

БКМ ДЕРЕКТЕРІНІҢ ЖАҢА ХАТТАМАСЫНЫҢ 2.0.3 НҰСҚАСЫНА КӨШУ

2.0.3 нұсқасы фискалдық деректер операторларының серверіне деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар БКМ-ген ақшалай есеп айырысулар туралы деректерді беру хаттамасына көшу.

ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитеті БКМ қолдану тәртібіне енгізілген өзгерістерге сәйкес Комитет деректерді тіркеу және (немесе) ФДҚ серверіне беру функциясы бар БКМ – ден деректерді берудің 2.0.3 нұсқасының (бұдан әрі-2.0.3 нұсқасының хаттамасы) жаңа хаттамасын әзірлегенін хабарлайды,

Протокол Комитеттің ресми интернет-ресурсында 2025 жылғы 20 маусымда жарияланғанын хабарлайды. https://kgd.gov.kz/sites/default/files/KGD/UGU/protokol_peredachi_dannyh_2_0_3_operator.docx

2.0.3 нұсқасының хаттамасында БКМ-ді тауарлардың Ұлттық каталогына автоматты түрде қосуға және БКМ-нің нақты орналасқан жерін анықтайтын ФДО жағында гео-локацияны анықтауға арналған сервис көзделген.

Осыған байланысты, 2025 жылғы 15 қазанға дейін аппараттық-бағдарламалық кешендер болып табылатын БКМ қолданатын салық төлеушілер 2.0.3 нұсқасының хаттамасына сәйкес БКМ функцияларын қайта бағдарламалауы қажет.

Деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар электрондық құрылғы (темір кассалар) болып табылатын БКМ қолданатын салық төлеушілерге 2025 жылғы 15 қарашаға дейін қайта бағдарламалау жүргізу қажет.

БКМ қайта бағдарламалау үшін БКМ әзірлеушілеріне және БКМ техникалық қызмет көрсету орталықтарына жүгіну қажет.

Сонымен қатар, 2025 жылдың 17 қарашасынан бастап ФДО 2.0.2 нұсқасының хаттамасын өшіру жоспарланғанын хабарлаймыз.

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ
«ЗАҢДЫЛЫҚТЫ САҚТАУ, ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ, ТҰРҒЫН ҮЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ЖОЛ-КӨЛІК
ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ» ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯНЫҢ
ХАТТАМАСЫ

Талдықорған қаласы, Өтенай ауылдық округі,
Ынтымақ ауылы
23 қыркүйек 2025 жыл,
сағат: 17:00
(№ 30 орта мектеп)

Көпшілік тыңдау отырысын жүргізген - №18 сайлау округінің депутаты, **«Заңдылықты сақтау, қала құрылысы, тұрғын үй шаруашылығы және жол-көлік инфрақұрылымы мәселелері жөніндегі»** тұрақты комиссияның төрағасы **Серік Максимұлы Жансеңгіров**.

Хатшы: қалалық мәслихат аппаратының бас маманы – **Әлібек Батырбекұлы Келдібек**.

Күн тәртібінде:

Талдықорған қаласының құрамдас бөліктеріне атау беру туралы

Қатысқандар:

Талдықорған қалалық мәслихаттың депутаттары, қалалық әкімдіктің, қоғамдық ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері және қала, 3-бөлімше, «Береке» тұрғын үй алабының тұрғындары.

Талдықорған қалалық мәслихатының **«Заңдылықты сақтау, қала құрылысы, тұрғын үй шаруашылығы және жол-көлік инфрақұрылымы мәселелері жөніндегі»** тұрақты комиссияның көпшілік тыңдау отырысын С. Жансеңгіров «ашық» деп жариялап, шақырылғандарды күн тәртібімен таныстырды.

Сөйлегендер:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша алғашқы сөзді **отырыс төрағасы** Талдықорған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы **Сандуғаш Арнайқызы Рысбаеваға** берді. Бас маман 2 көше бойынша баяндама жасады.

Талдықорған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы С.А. Рысбаева: Бүгінгі таңда Жетісу облысының орталығы Талдықорған қаласындағы құрылыс жұмыстарының қауырт жүргізілуіне байланысты жаңадан шағын аудандар, проспект, көшелер мен объектілер қосылып жатыр. Аталған құрамдас бөліктерге уақытында атау бермесек, тұрғындарға жедел жәрдем, полиция, төтенше жағдай қызметтерін, такси шақыруға, пошта қызметін пайдалануға, үйдің құжаттарын рәсімдеуге кедергі келтіреді. Сонымен қатар облыс және қала әкімдігіне көше және объектілер атауларына байланысты жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардан өтініштер үнемі түсуде.

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2024-2028 жылдарға арналған «Жол картасы» Жобасына Жетісу облысы Талдықорған қаласы бойынша 2024-2028 жылдары барлығы 1 елді мекен, 39 көше, 4 объектіге атау беру және қайта атау енгізілді. 2024 жылы 18 жаңа көшеге атау берілсе, 1 көшеге қайта атау берілді. 2025 жылы 6 жаңа көшеге атау беру жоспарланған. Оның 4 көшесіне атау берілді.

2025 жылдың жоспарына енген келесі екі көшенің атауын ұсынып отырмыз. Олар:

1. **Талдықорған қаласының «Береке» тұрғын үй алабында орналасқан №23 жаңа көше – Әулиеағаш көшесі** (жер-су атауы, Жетісу облысындағы елді мекен атауы. Жеті ғасырлық тарихы бар алып ағаш. Ауылдың аты осы ағашқа байланысты қойылған, ұзындығы 650 м);

2. **Қаланың Оңтүстік-батысында орналасқан (3 бөлімше) №1 жаңа көше – Кемеңгер көшесі.** (дәстүрлі атау, данышпан, асқан ақылды, дана деген мағына, ұзындығы 470 м).

Бұл атаулар қаламыздың тарихи-мәдени мұрасын айшықтап, болашақ ұрпаққа өнеге болатынына сенім білдіреміз.

Құрметті қауым, аталған мәселе бойынша белсенді қатысып, өз ой-пікірлеріңізбен бөлісулеріңізді және қолдаулары-

ңызды сұраймын!

Отырыс төрағасы, №18 сайлау округінің депутаты С.М. Жансеңгіров: Келесі сөз, Талдықорған қаласының тұрғыны Узембаева Рая Каниевнаға беріледі.

Талдықорған қаласының тұрғыны Р.К. Узембаева: Құрметті қауым! Қазіргі таңда елімізде елді мекендер мен көшелерге тарихи, ұлттық, мағыналы атаулар беру үрдісі жүріп жатыр. Бұл – мемлекеттік деңгейде жүргізіліп жатқан, ұлттық сана мен тарихи жадыны жаңғыртуға бағытталған игі бастамалардың бірі.

Осыған орай көшеге «Әулиеағаш» деген атау берілуіне байланысты, неліктен «Әулиеағаш»? деген сұраққа анықтама берейік.

«Әулиеағаш» – қазақ халқының мәдениеті мен дүниетанымында терең мағынаға ие ұғым. Бұл атау киелі, қасиетті ағаш деген мағынаны береді. Әулиеағаш – Жетісу облысында орналасқан киелі жер. Ата-бабалар рухына арналып тілек тілейтін, шырақ жағатын, дұға оқитын орын ретінде танымал. Мұндай жерлер еліміздің түрлі аймақтарында бар және олар халқымыздың рухани өмірінде ерекше орын алады.

«Әулиеағаш» атауы қазақ халқының рухани мұрасын насихаттап, ұрпақ тәрбиесіне оң әсер етеді, тұрғындардың ұлттық болмысына сай келіп, көшенің өзіндік ерекшелігін айқындайды және оңай есте қалатын әрі құлаққа жағымды атау болып табылады.

Сол сияқты көшеге «Кемеңгер» деген атау беру жөнінде. Мен бұл ұсынысты толық қолдаймын. Ең алдымен, «кемеңгер» сөзі – халқымыздың даналыққа, терең ойға, көрегендікке берген бағасы. Кемеңгерлік – халықтың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесі мен парасатын білдіреді. Осындай атаудың көше бойында жазылып тұруы – жастарымызға өнеге, үлкендерге құрмет. Көшеге «Кемеңгер» деп ат қою – тек атау беру емес, ол – елді даналыққа, парасатқа шақыратын үлкен мағынасы бар қадам. Бұл атау біздің ұрпағымызға «ақыл-парасатты биік қоя біл» деген өсиет іспетті.

Сондықтан да жергілікті тұрғындар бұл бастаманы құптап, көшеге «Кемеңгер» атауын беруді қолдаймыз.

Отырыс төрағасы, №18 сайлау округінің депутаты С.М. Жансеңгіров: Құрметті көпшілік тыңдауға қатысушылар! Көшелерге беріліп отырған тұлғалар жайлы толық ақпарат берілді. Осымен дауыс беруге көшейік.

Ол үшін осында қалалық мәслихат аппаратының бас маманы **Келдібек Әлібек Батырбекұлы** мен қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы **Рысбаева Сандуғаш Арнайқызы** отыр. Осы азаматтар дауыс санауды жүзеге асырады. Құрметті қатысушылар, қалай дауыс береміз: екі көшеге бірден бе, әлде әр көшені жеке-жеке қараймыз ба?

Тұрғындар 2 көшеге бірден тізіммен дауыс беруді ұсынды.

Отырыс төрағасы, №18 сайлау округінің депутаты С.М. Жансеңгіров: Жақсы, аталған екі көшеге атау беруді кім қолдайды? Қарсы? Қалыс? Жоқ. Қабылданады.

Депутаттар мен тұрғындар бірауыздан бұл мәселені қолдап, дауыстарын берді.

Отырыс төрағасы, №18 сайлау округінің депутаты С.М. Жансеңгіров: Бүгінгі қаралған мәселе бойынша хаттама бұқаралық ақпарат құралдарында 7 жұмыс күн ішінде жарияланып, қалалық мәслихат пен әкімдіктің бірлескен шешімімен облыстық ономастикалық комиссияның қарауына ұсынылады.

Тұрақты комиссия төрағасы айтылған ұсыныс әлі де жергілікті атқарушы органмен бірлесе қаралатынын айтып, отырысты «жабық» деп жариялады.

Отырыс төрағасы

Отырыс хатшысы

С. Жансеңгіров

Ә. Келдібек

РЕШЕНИЕ

АКИМА ОТЕНАЙСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА

«О присвоении наименований составным частям села Отенай Отенайского сельского округа»

В соответствии с подпунктом 4) статьи 14 Закона Республики Казахстан «Об административно-территориальном устройстве Республики Казахстан», с учетом мнения населения соответствующей территории, на основании заключения областной ономастической комиссии от 15 августа 2025 года, аким Отенайского сельского округа города Талдықорған **РЕШИЛ:**

1. Присвоить составным частям села Отенай Отенайского сельского округа следующие наименования:

1) В городе Талдықорған, сельский округ Отенай, жилой массив Жастар 1/1:

- новую безымянную улицу №4 – в улицу Тәңірберген Қалилаханов;
- новую безымянную улицу №10 – в улицу Айтбек Жалбағаев;
- новую безымянную улицу №11 – в улицу Қайыпбай Түстікбаев;

2) В городе Талдықорған, сельский округ Отенай, жилой массив Жастар 3:

- новую безымянную улицу №6 – в улицу Иван Битюков;
- новую безымянную улицу №7 – в улицу Степан Бендииков;
- новую безымянную улицу №9 – в улицу Елубек Каримов;
- новую безымянную улицу №13 – в улицу Иван Малин.

2. Контроль за исполнением настоящего решения возложить на заместителя акима Отенайского сельского округа М. Турабаева.

3. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким Отенайского сельского округа

Р.Малтаев

ЖОБА

Талдықорған қаласының коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламасын бекіту туралы

Жетісу облысы

Талдықорған қалалық мәслихатының

2025 жылғы № шешімі

Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 365-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағы 15) тармақшасына сәйкес, Талдықорған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Талдықорған қаласының 2022-2029 жылдарға арналған коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

Аты-жөні

ПРОЕКТ

Об утверждении Программы по управлению коммунальными отходами города Талдықорған

Решение

Талдықорған городского маслихата

области Жетісу

от 2025 года года №

В соответствии с подпунктом 1) пункта 3 статьи 365 Экологического кодекса Республики Казахстан, подпунктом 15) пункта 1 статьи 6 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» Талдықорғанский городской маслихат **РЕШИЛ:**

1. Утвердить прилагаемую Программу по управлению коммунальными отходами города Талдықорған на 2025-2029 годы, согласно приложению к настоящему решению.

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Должность

ФИО



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

ТҰРМЫСТЫҚ
СЫБАЙЛАСТЫҚ

Тұрмыстық сыбайлас жемқорлық-өз ерекшеліктері бар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың бір түрі. Басты ерекшелігі-бұл тұрмыстық қатынастар саласында орын алады. Өмір-бұл адамның физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыратын күнделікті өмір салты.



Қолданыстағы заңдар, ережелер мен ережелер түрінде уақытша шешімдерді қолдану арқылы бәрі заңды болып көрінеді. Осылайша, аз мөлшерде қарапайым мәселелерді шешуге әсер етеді.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы Қазақстан Республикасының жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіптен сақтауға, сондай-ақ жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, тыю және ашу жолында мемлекеттік органдардың қызметін қамтамасыз етуге бағытталған. Барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар өз құзіреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті.

Қорыта келгенде, әрбір мемлекеттік қызметкер Заң талаптарын бұлжытпай орындап сақтаса мемлекетіміздің болашағы жарқын және айқын болар еді.

С.АХАН,

Талдықорған қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы. Ж.МАРАТОВА, бас маман

ӨТЕНАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ
ШЕШІМІ

Өтенай ауылдық округі Өтенай ауылының құрамдас бөліктеріне атау беру туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 4)-тармақшасына сәйкес, тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, облыстық ономастика комиссиясының 2025 жылғы 15 тамыздағы қорытындысы негізінде Талдықорған қаласы Өтенай ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Өтенай ауылдық округі Өтенай ауылының құрамдас бөліктеріне келесі атаулар берілсін:

1) Өтенай ауылдық округі, Жастар 1/1 тұрғын үй алабы бойынша:

- №4 атауы жоқ жаңа көше – Тәңірберген Қалилаханов көшесі;

- №10 атауы жоқ жаңа көше – Айтбек Жалбағаев көшесі;

- №11 атауы жоқ жаңа көше – Қайыпбай Түстікбаев көшесі.

2) Өтенай ауылдық округі, Жастар 3 тұрғын үй алабы бойынша:

- №6 атауы жоқ жаңа көше – Иван Битюков көшесі;

- №7 атауы жоқ жаңа көше – Степан Бендииков көшесі;

- №9 атауы жоқ жаңа көше – Елубек Каримов көшесі;

- №13 атауы жоқ жаңа көше – Иван Малин көшесі.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Өтенай ауылдық округі әкімінің орынбасары М.Турабаевқа жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Өтенай ауылдық округінің әкімі

Р. Малтаев



1 қазан – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРТТАР КҮНІ

ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА АРДАГЕРЛЕРІ, САЛАЛЫҚ ОРТАЛЫҚТАР МЕН ФИЛИАЛ БАСШЫЛАРЫ!

Қазан айы «Қарттар күні» мерекесіне орай қаламызда үндеу жарияланып, ардагерлерімізге құрмет көрсету мақсатында жыл сайын дәстүрлі түрде іс-шаралар өткізіліп тұрады. Осы бағдарлама аясында қазан айының 14-күні «Қарттардың да өнерге бар таласы» тақырыбымен ардагер әншілердің байқауы өткізіледі. Қатысуға ниет білдірген ардагерлер өзі туралы мәліметті қалалық ардагерлер кеңесіне төмендегі байланыс телефондары арқылы жолдауларыңызды сұраймыз.

Қызметтік тел: 8 (7282) 24-08-22

Ұялы тел: 8 701 493 94 96

Байқау екі кезеңнен тұрады.

8 қазан 2025жыл. Іріктеу жарысы.

14 қазан 2025 жыл. Қорытынды концерт.

Байқау еркін тақырыпта, қазақтың халық әндері мен Қазақстан композиторларының әндерін орындау бағытында домбыра, баян, вокалды аспаптар сүйемелдеуімен өтеді.

Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесі

- Байқауға ортамызда көрінбей жүрген талант иелерін молынан қатыстырып сол арқылы әншілерімізді анықтау және жүлдегерлерді марапаттау;

III. Байқаудың қазылар алқасы:

- Қазылар алқасының құрамы кеңес мүшелерінің ұсынысымен ардагерлер кеңесі төрағасының басшысымен бекітіледі.

- Қазылар алқасының шешімі талқылауға қайта қарауға жатпайды.

- Қазылар алқасының төрағасы байқауда тең ұпай жинаған қатысушыларға қосымша 1 ұпай қосуға құқылы.

IV. Байқауға қатысқан жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломмен, ақшалай сертификатпен марапатталады.

Ұйымдастыру алқасы байқауға қатысу туралы өтініштер 2025 жылдың 7 қазанына дейін төмендегі мекенжайға электронды пошта және байланыс телефондары арқылы қабылданады.

Мекенжайы: Талдықорған қаласы, Абай көшесі 272 үй.

Байланыс телефондары:

Қызметтік тел: 8 (7282) 24-08-22;

Ұялы тел: 8 701 493 94 96 (ватсап);

Эл. почта: tdk.ardager@mail.ru;

Басталуы: 8 қазан күні іріктеу жарысы;
14 қазан күні қорытынды концерт.

Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен қазан айы «Қарттар күні» мерекесіне орай «Қарттардың да өнерге бар таласы» тақырыбымен өтетін ардагер әншілер байқауының ЕРЕЖЕСІ

Өтетін күні 8 қазан 2025 жыл – Іріктеу жарысы
14 қазан 2025 жыл – Қорытынды концерт

I. Байқаудың мақсаты:

- Халқымыздың дәстүрлі және заманауи әндерін жергілікті өнерпаздардың орындауында дәріптей отырып насихаттау;

- Халық арасында көрінбей жүрген талантты ардагерлерді қатарымызға молынан тартып белсенділіктерін арттыру;

- Ардагер әншілеріміздің орындау шеберлігі арқылы ән дәстүрімізді жаңғырту, насихаттау және ұлттық болмысымызды нығайту;

II. Байқаудың шарттары мен өткізілу тәртібі:

- Қазан айының 8-күні сағат 10.00-де қаламыздағы ардагерлер үйінде іріктеу жарысы өткізіледі. Байқауға қатысушылар осы іріктеу жарысында өнер көрсетіп, озып шыққандар қорытынды концертке жолдама алады;



ЗАҢ МЕН ТӨРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

АЛКОГОЛЬ ӨНІМІН ӨТКІЗУ НАРЫҒЫНДА ЛИЦЕНЗИЯНЫ ПАЙДАЛАНҒАНЫ ҮШІН КЕДЕРГІ ЖОЙЫЛДЫ

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті (бұдан әрі - Департамент) Жетісу облысы бойынша кедергілер жөніндегі кеңесте, алкоголь өнімдерін сатумен айналысатын нарық субъектілеріне қатысты қызметпен айналысу құқығына лицензиялық алым мен лицензияны пайдаланғаны үшін төлем бойынша қосарланған салық салуға байланысты бәсекелестіктің дамуына кедергіні қарастырды.

Алкоголь өнімдерін бөлшек саудада өткізуге арналған лицензияны алғаш рет алған кезде төленетін 105402 экономикалық сыныптама коды (БСК) бойынша «белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығына лицензиялық алым» және жыл сайын төленетін 105434 БСК бойынша «белгілі бір қызмет түрімен айналысу лицензиясын пайдаланғаны үшін

төлем» мөлшерлемелері бірдей болған.

Бұл жағдайда, лицензияны пайдаланғаны үшін төлем әділетті бәсекелестікке кедергі келтіреді және жасырын түрде қосарланған салық салуға жол беретін тетік болып табылады. Бұл өз кезегінде нарық субъектілеріне екі еселенген қаржылық жүктеме жүктейді.

Осы мәселені қарау қорытындысы бойынша ұсыныстар 2025 жылғы 18 шілдеде №214-VIII ҚРЗ қабылданған ҚР жаңа Салық кодексінің әзірлеу барысында ескерілді. Жаңа кодексте лицензияны пайдаланғаны үшін жыл сайынғы төлем нормасы алынып тасталды, тек қызмет түрімен айналысуға лицензиялық алым ғана сақталды (616-бап).

Анықтама: 2023 жылы Жетісу облысының кедергілер жөніндегі кеңесінің (бұдан әрі - Кеңес) отырысында Кеңес мүшесі Эдиль Юрьевич Казакпаев аталған мәселені көтерді және 2024 жылы аталған кедергі Республикалық кедергілер жөніндегі кеңесте қаралды және ҚР Салық кодексінің жаңа редакциясын әзірлеу кезінде бұл норма алынып тасталды.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОР СУБЪЕКТІЛЕР ТАРАПЫНАН ЖІБЕРІЛГЕН МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ЗАҢНАМАНЫ БҰЗУ ДЕРЕГІ ЖОЙЫЛДЫ

ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті жүргізген мониторинг қорытындысы бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілері тарапынан бәсекелестік заңнамасының бұзылуын анықтады.

Белгілі болғандай, кейбір субъектілердің жарғыларында монополияға қарсы органмен міндетті келісуден өтпеген қызмет түрлері көзделген, бұл Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 192-бабының талаптарына қайшы келеді.

Мәселені қарау нәтижесінде Департамент заң бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар шығарды, бүгінгі күні олар толық көлемде орындалды.

Анықтама үшін: акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 50% астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың қызмет түрлерін кеңейту немесе өзгерту тек бәсекелестікті қорғау және дамыту саласындағы уәкілетті органмен келісу арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша Департаменті

Құттықтаймыз!

Талдықорған қаласының тұрғыны,
ардақты азамат –

Қожанбеков
Ерғазы Қожанбекұлы



70 жасқа толып отыр. Тәуелсіздік тарихында өзіндік қолтаңбасымен танылған мерейтой иесі үлкендерден үлгі алып, ақыл-кеңестерін тыңдай жүріп, еңбекке ерте араласты. Аудандық, қалалық, облыстық дәрежедегі қызмет лауазымдарында адалдығымен танылды. Халқына қалтқысыз қызмет етті. Бүгінде қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, жас ұрпақты тәрбиелеуге зор үлесін қосуда. Дара тұлғаларға тән сипатқа ие, адалдық пен әділдікті, береке-бірлікті өзіндік серігіне айналдырған қуаныш иесін мерей-тойымен құттықтап, мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасына амандық тілейміз.

Құтты болсын 70 деген жасыңыз,

Сексеннің де сеңгірінен асыңыз.

Қуат алып, денсаулықтың нәрінен,

Жүзіп өтіп жүзге аяқ басыңыз!

Балалардың арасында жүріңіз,

Шаттық айдай анық болсын жүзіңіз!

Тілек еттік шын жүректен бәріміз

Мықты болып ұзақ өмір сүріңіз!

«Талдықорған» газетінің ұжымы

МАНСАП
ОРТАЛЫҒЫ
КАРЬЕРНЫЙ ЦЕНТР



Еңбек
күні
Қазақстан
Республикасы

ҚҰРМЕТТІ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫ!

«Еңбек» күніне орай **26 қыркүйек күні сағат 11:00-де**

Талдықорған қаласында Бос жұмыс орындары
жәрмеңкесі өткізілмек.

Жәрмеңке «Бірлік» ш/а, 2А мекенжайындағы «Атамекен»
көрме кешенінің ғимаратында өтеді.

Қосымша ақпарат алу үшін +7 775 888 0319 телефон нөмірі
бойынша хабарласуға болады.



Қала әкімінің кубогіне арналған үлкен бәйге

Талдықорған ипподромы

28.09.2025/11:00

Кіру тегін

@taldykorgan_akimidigi

Талдықорған қаласының тұрғыны, 1994-2000 жылдары «Алматы облыстық Чернобыль ардагерлері және мүгедектері» қоғамдық бірлестігінің төрағасы болған

АМАНЖОЛОВ Аламан Найманханұлының

қайтыс болуына байланысты, марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғырып көңіл айтамыз.

Талдықорған қалалық
Қоғамдық кеңес мүшелері.

МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҢЫ» ЖШС



ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР
НҰРШАНОВА

ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02

E-mail: taldyk@bk.ru

Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.

ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 050 дана.

Талсырыс №1006 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

- Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.
- Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталығы.
- «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
- «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.
- Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбісінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.
- Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.
- Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.